

#ӘділеттіҚазақстан

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын ұстану аса маңызды. Біз қоғамға іріткі салуды емес, елді ізгі мақсатқа жұмылдыруды ойлауымыз керек. Әділетті Қазақстан идеясының түпкі мәні – осы.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



ЖАРЫҚСЫЗ ҚАЛМАЙМЫЗ

Алматыда жаңа электр қосалқы станциясы пайдалануға берілді

ТҮЛҒАТАНУ

2



БЕГЕЛДИНОВ БИІГІ

13

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



«ҮРКЕР» КӨККЕ ӨРЛЕП КЕЛЕДІ...

24

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

12.01.2023

Түнде:



-21-23 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-15-17 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

13.01.2023

Түнде:



-23-25 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-16-18 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҢАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №4 (6297) 12 қаңтар, бейсенбі, 2023 жыл.

ШАҢАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

АЛМАТЫ АҚ ҰЛПАҒА ОРАНДЫ

Қаланың коммуналдық қызметтері күні-түні күшейтілген режимде жұмыс істеуде



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ, Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматыда кешелі бері қар жауа бастағаннан коммуналдық қызметтер күшейтілген режимде жұмыс істеуде. Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жұмысшылар арнайы техниканың көмегімен жолдарды көктайғаққа қарсы материалдармен өңдеді.

4

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ОНЛАЙН ОҚУҒА КӨШЕДІ

Ауа райының қолайсыздығына байланысты Алматы қаласының мектептері мен колледждері уақытша қашықтан оқытуға көшірілді



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Бұл туралы қалалық әкімшіліктің баспасөз орталығы хабарлады. Хабарлама мәтінінде: «Алматы қаласының Білім басқармасы ауа райының қолайсыздығына байланысты 2023 жылғы 12-13 қаңтарда 0, 1-11 (12) сынып оқушылары мен колледждердің 1-2-курс студенттері қашықтан оқыту талаптары мен ережелеріне сәйкес қашықтан оқытуға көшетінін хабарлайды», – деп көрсетілген.

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовты қабылдады.
- Президент Ақмола облысының әкімі Ермек Маржықпаевты қабылдады.
- 13 қаңтарда Парламент Палаталарының бірлескен отырысы өтеді.
- Конституциялық Сот: ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы Конституциялық заңының күші жойылды деп танылуға жатады.
- Қазақстан мен Чехия арасындағы дипломатиялық қатынастарға 30 жыл толды.
- Қазақстан мен Ресей көлік, логистика және өнеркәсіп саласындағы екіжақты ынтымақтастық мәселелерін талқылады.
- Қазақстанда шетелдік көліктерді сақтандыруға тыйым салынады.
- Өткен жылы Қазақстанның сыртқы тауар айналымы 34,1%-ға өсті.
- Биылдан бастап аса қауіпті тапсырманы орындаған құтқарушыларға 70% үстемеақы төленбек.
- Қазақстанда ана мен бала денсаулығын сақтау жөніндегі жаңа тұжырымдама бекітіледі.
- «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін құжаттар қабылдау басталды.
- Еліміздің халықаралық резерві 1 жылда 1,1 млрд долларға ұлғайды.
- Жол ережесін бұзғандарға салынатын айыппұл мөлшері өсті.
- Биылдан бастап әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы 38 мың қызметкердің жалақысы 25%-ға артты.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовты қабылдады.

Президентке – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысына Қорғаныс министрлігінің былтыр атқарған қызметінің нәтижелері туралы есеп беріліп, осы жылға арналған жоспары таныстырылды. Әскери дайындықтың жай-күйі, Қазақстан әскерінің құрамы мен құрылымын жетілдіру, жүргізілген жедел және жауынгерлік әзірлік шаралары жөнінде, армиядағы жағымсыз жайттардың алдын алу, жастардың әскери борышын орындауға деген құлшынысын арттыру, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру жайлы қорғаныс ведомствосының қабылдап жатқан шаралары туралы мәлімет берілді. Қорғаныс министрі Қарулы Күштерді заманауи техникамен және қару-жараппен жабдықтау, аумақтық қорғаныс әскерін дамыту, әскери инфрақұрылымды жетілдіру және бітімгерлік мүмкіндіктерін кеңейту жөнінде баяндады. Сондай-ақ, пайдаланылмайтын әскери мүлік пен қару-жарақты жою шаралары туралы есеп берді. Бұдан бөлек, Жоғарғы Бас қолбасшыға жауынгерлік әзірлікті шыңдау, кең ауқымды, соның ішінде халықаралық деңгейдегі әскери оқу-жаттығу жиындарын өткізуге қатысты биылғы жоспарланған іс-шаралар туралы баяндалды.

Президент әскери қызметшілердің өмірі мен денсаулығын сақтау, әскери ортадағы моральдық-психологиялық ахуалды жақсарту маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ, министрлікке еліміздің қорғаныс қабілетін одан әрі арттыру, мерзімді әскери қызметке шақырудың көктемгі науқанын сапалы ұйымдастыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

■ МӘЖІЛІС

Мәжіліс төрағасы ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы Өкімге қол қойды.

Мәжілістің Баспасөз қызметі хабарлағандай, «Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысы 2023 жылғы 13 қаңтарда, сағат 10.00-де Астана қаласында шақырылсын», – деп жазылған Өкім мәтінінде.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту жөніндегі шаралар қаралды.

Халықтың шектен тыс кредит алуын азайту жұмыстары аясында «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заң қабылданғаны мәлім болды. Оның аясында халықаралық тәжірибені ескере отырып, бірқатар тиісті рәсім қарастырылған.

Премьер-Министр «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» заң биылғы наурыз айынан бастап қолданысқа енетінін атап өтті. «Бұл құжат кредитін төлей алмай, қиындыққа тап болған жеке тұлғалардың құқықтарын қорғауға бағытталған. Жоғарыда айтылғандай, заңда рәсімдердің үш түрі қарастырылған – соттан тыс банкроттық, сот арқылы банкроттық және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру. Мұндай рәсімдерге қарыз алушының өзі ғана бастамашы бола алады», – деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысының айтуынша, сондай-ақ азаматтардың міндетті түрде қаржылық сауаттылықты арттыру курстарынан өтуі көзделіп отыр. Бұл орайда, осы Заң күшіне енгеннен кейін азаматтардың да жауапкершілігі артатын болады. «Алдағы уақытта жылдам қарыз алу үшін кредиттік тарихының дұрыс болуына азаматтардың өздері мүдделі болуы тиіс. Банкрот деп мойындау қарыздарды төлемей кету емес, тек шарасыз жағдайдағы көмек екенін әркім білуі керек», – деді Премьер-Министр.

■ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қазақстан мен Ресей көлік, логистика және өнеркәсіп саласындағы екіжақты ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Склярдың басшылығымен қазақстандық делегация Мәскеу қаласына жұмыс сапарымен барып, Ресей Федерациясы Үкіметімен келіссөздер жүргізілді.

Атап айтқанда, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» және «Солтүстік – Оңтүстік» көлік-логистикалық маршруттарын дамыту, Қазақстан мен Қытай шекарасында жана үшінші теміржол өткелін салу, Қазақстан–Ресей шекарасындағы автомобиль жолдары мен өткізу бекеттерін реконструкциялау тақырыптары қозғалды. Сонымен қатар, кездесуге қатысушылар өнеркәсіп кооперациясы, атап айтқанда, автомобиль жасау, тау-кен металлургия, агроөнеркәсіп кешеніндегі бірлескен жобаларды іске асыру мәселелеріне тоқталды. Ресей тарапы «Иннопром. Қазақстан» халықаралық өнеркәсіп көрмесіне қатысатынын растады (2023 жылғы 23–25 қыркүйекте Астанада өтеді).

Келіссөздердің қорытындысы бойынша тараптар бірқатар уағдаластықтарға қол жеткізді және «КТЖ» ҰК» АҚ мен «РЖД» АҚ арасында 2023 жылғы пойыздарды қабылдау мен тапсыруды жақсартуға бағытталған шараларды қабылдау туралы тиісті Хаттамаға қол қойылды.

■ МИНИСТРЛІК

Қазақстанда онкологиялық көмек тиімдірек әрі қолжетімді болады, – деп хабарлайды ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметі.

Денсаулық сақтау жүйесінің маңызды міндеті Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауалды платформасын іске асыру шеңберінде 2023 жылғы басталатын онкологиялық қызметті кешенді жаңғырту болып табылады. Бұл бағдарлама онкологиялық қызметті айтарлықтай техникалық қайта жарақтандыруды көздейді, ал бұл қолда бар диагностикалық жабдықты жаңғырту, жаңа желілік үдеткіштерді орнату және ескірген аппараттарды ауыстыру есебінен сәулелік емдеуді кеңейту және жетілдіру, сондай-ақ ядролық медицина орталықтарын ұйымдастыру; аз инвазивті хирургияны және емдеудің интервенциялық әдістерін дамыту, дербес-тендірілген терапияны таңдау мақсатында толық геномдық бейіндеуді енгізу, ісікке қарсы жаңа дәрілік заттардың қолжетімділігін арттыру, заманауи онкологиялық орталықтар құру, жаңа буын кадрларын даярлау және т.б. Онкологиялық қызметті жаңғырту жоспары, сонымен қатар, молекулалық-генетикалық тестілеуді кеңейту, жеке терапияны таңдау мақсатында толық геномдық бейіндеуді енгізу, гендік инженерияны енгізу сияқты обьрды емдеудің жаңа технологияларын қолдануды қамтиды.

Қазақстанда онкологиялық көмектің тиімділігін арттыру ісікке қарсы жаңа дәрілік заттардың, оның ішінде таргеттік және иммуноонкологиялық препараттардың, оның ішінде балаларға арналған препараттардың қолжетімділігінің артуы есебінен қамтамасыз етілетін болады.

■ БӘРЕКЕЛДІ!

ЖАРЫҚСЫЗ ҚАЛМАЙМЫЗ!

Алматыда жаңа электр қосалқы станциясы пайдалануға берілді

Алматының аумағы кеңейіп, халық саны күн санап өсіп келеді. Ал халық саны өскен сайын қаланың инфрақұрылымына деген жүктеменің артатыны белгілі.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бұл бағытта қала билігі қала тұрғындарын сыртқы электрмен жабдықтауды қамтамасыз етуге барынша күш салуда.

Күні кеше Алматы қаласында «Каскад» жабық типті қосалқы станциясы пайдалануға берілді. Жобаның мердігері «Электрокабель» ЖШС болды. Бұл туралы ҚР Энергетика министрлігі Атом және энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің баспасөз қызметі ресми түрде мәлімдеді. Мамандардың айтуынша,



жоба қаланың энергетикалық қауіпсіздігін және қалалық энергетикалық жүйенің сенімділігін арттыруға, оның ішінде Алматы қаласында электр энергиясының тапшылығын шешуге көмектеседі.

Станцияда заманауи техноло-

гиялар қолданылды. Жабдықтардың басым бөлігі, атап айтқанда трансформаторлар, жиынтық тарату құрылғылары мен конденсаторлар Қазақстанда жасалған. Сондай-ақ, станцияда Қытайда жасалған жиынтық тарату құрылғылары қолданылады.

■ ӘЛЕУМЕТ

БЕЛСЕНДІ ҚАРТТАРДЫҢ БЕЛЕСІ

Шаһарымыздың Әлеуметтік қызметтер үйінде қалалық Ардагерлер кеңесі, Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, қалалық және аудандық «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтары өкілдерінің қатысуымен арнайы жиын өтті.



Суретті түсірген Айгүл КОЛУМБЕТОВА.

Рая ЕСКЕНДІР

Басқосудың алғашқы сөз кезегін алған қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов қазіргі таңда Алматыда «Белсенді ұзақ өмір сүру» республикалық бағдарламасының қалай жүзеге асып жатқаны жайында баяндап берді. Қалалық Ардагерлер кеңесі төрағасының айтуынша, дәл қазіргі таңда қаламыздың бірнеше ауданында «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарының жұмысы жандана бастаған. Сонымен қатар, орталықтарда ардагерлерді әлеуметтік қолдауға бағытталған шаралар кешені жүйелі түрде жүзеге асырылып жатыр.

– «Белсенді ұзақ өмір сүру» бағдарламасының маңызы зор. Қоғамдағы көптеген мәселелерді қамтиды. Мәселен, әлеуметтік қамсыздандыру, бос уақытты тиімді ұйымдастыру және тағы басқа мәселелердің жүйелі жүргізілуіне мұрындық болып отыр. Бұдан өзге, қазіргі кезде әлеуметтік мәселелерді шешу бойынша қаламыздың бюд-

жетінің мөлшері ұлғая түсуде. Сондай-ақ, ардагерлеріміз белсене атсалысатын «Шыңға өрлеу» бағдарламасына да қосымша ақшалай қаражат бөлінуде, – деп атап өтті Ақан Құсайынұлы.

Сонымен қатар, қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы бірлескен басқосудың тағы бір маңызды міндеті – қолға алынып жатқан жұмыстардың жай-күйін талдап, аталмыш бағдарламаны іске асыру барысында болашақта нақты жоспарлар керек екенін де нақтылап берді. Келесі кезекте қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Назира Тоғызбаева «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарында зейнеткерлерді ҚР заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерімен таныстырып, қаржылық және компьютерлік сауаттылық, банктік және басқа да мәселелер бойынша сабақтар өткізетінін, интернет пен WhatsApp-ты қалай пайдалану керектігін үйрететінін жеткізді. Қаламызда ашылған «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарында үйірмелер мен түрлі клубтар жұмыс жасайды. Сонымен қатар, хор, би, вокал, домбы-

ра үйрету, кино сүйерлер клубы, сәндік-қолданбалы шығармашылық, сурет салу, колонер, кескіндеме, мүсін және графика бағытына баулитын үйірмелер бар. Бұған қоса, зейнеткерлердің шет тілдерін үйренулеріне де мүмкіндік жасалған. Тіпті, әлем мұражайларына виртуалды түрде саяхаттар да жасауға болады.

Осынау жұмыстардың жүйелі түрде іске асуына тек қалалық әкімшілік ғана емес, басқа да құрылымдық салалар мен қаламыздың ардагерлері белсенді түрде атсалысуда.

Жиын соңында арнайы қаулы қабылданып, онда 2023 жылғы қаламыздың Ардагерлер кеңесі ұйымдары мен «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарының алдағы атқаратын жұмыстарының нақты мақсаттары белгіленді.

«Белсенді ұзақ өмір сүру» республикалық бағдарламасының қалай жүзеге асып жатқаны жайында Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесінің жұмыс тәжірибесі жайлы сұхбатты 7-беттен оқыңыздар.



МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША



Елімізде «Quryltai» мобильді қосымшасы іске қосылды. Бұл туралы Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы хабарлады.

«QURULTAI»

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын сапалы іске асыруға мүмкіндік береді

Қосымша Мемлекет басшысының қоғаммен тығыз қарым-қатынас жасау тапсырмасына сай жасалған.

Мобильді қосымшаға келіп түскен қоғамдық-саяси маңызды ұсыныстар мемлекеттік стратегиялық жұмыстарды жоспарлауға және Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын сапалы іске асыруға мүмкіндік береді.

Қосымшаға түскен ұсыныстар халықтың дауыс беруіне шығарылады және ең көп дауыс жинаған ұсыныстар Ұлттық құрылтайдың алдағы отырыстарының күн тәртібіне енгізіледі.

Сондай-ақ, ең маңызды ұсыныстар азаматтық қоғам мен сарапшылардың қатысуымен «Хабар» телеарнасында ұйымдастырылатын «Ұлттық құрылтай» циклында талқыланады.

АУДАН ӘКІМДІКТЕРІ

ЖҰМЫС ЖҮРІП ЖАТЫР

Жыл басындағы мейрамдарға байланысты қала тұрғындарының басым көпшілігі демалғанымен, шаһардағы шаруашылық бір күн де тоқтаған жоқ. Жыл басынан-ақ аудан әкімдіктері өз міндеттерін атқаруға кірісіп кетті.



Бостандық ауданының әкімі Алтай Рахимбетов аудан тұрғындарымен алғашқы кездесуін өткізді.

Кездесу №146 мектеп-гимназиясында болды. Оған Алматы қаласы мәслихатының депутаттары, қалалық басқармалардың, прокуратураның, қалалық Полиция департаментінің өкілдері, қоғамдық кеңес мүшелері мен аудан әкімінің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы қысқаша баяндамасынан кейін тұрғындардың сұрақтарына жауап берді. Тұрғындар ауланы, көшелерді жөндеу, жарықтандыру, ЖММН көшу және аулаларды қардан тазалау сынды ең өзекті мәселелерді көтерді.

Медеу ауданының әкімі Еркебұлан Оразалин екі қабатты мешіттің жөндеу жұмыстарының соңғы кезеңін тексерді.

Айта кеткен жөн, құрылыс орнында ішкі әрлеу жұмыстары аяқталып, нысан тапсыруға да-

йындалуда. Мешіт Мәметова көшесі, 1 А мекенжайында орналасқан.

Ал Түрксіб ауданында инфрақұрылымды дамытуға арналған жобаның жүзеге асырылуы тексерілді.

Желтоқсан айында Сауранбаев көшесіндегі №59 мектеп-гимназиясына қосымша ғимарат салу және қайта жөндеу жұмыстары басталған. Бұған дейін «ҚазҚСҒ-ЗИ» АҚ қорытындысы бойынша мектеп апатты деп танылған және ескі мектептің жобалық қуаты небәрі 600 орынды құраған.

Жұмыстар аяқталған соң мектептің сыйымдылығын 900 оқушыға дейін ұлғайту, 16-ға жуық қосымша оқу кабинеттері мен заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған спорт залын ашу жоспарлануда. Жобада сондай-ақ, үлкен мектеп асханасын жайластыру және абаттандыру қарастырылған. Жұмыстарды аяқтау 2024 жылдың 1 тоқсанына жоспарланған.

ЖАҢА ТЕХНИКА

КӨКТАЙҒАҚПЕН КҮРЕС ЖЕҢІЛДЕЙДІ

Қала көшелерін тазалайтын жаңа көліктер сатып алынды



Бюджет қаражаты есебінен көшедегі көктайғақтың алдын алу үшін сұйықтық шашатын аспалы жабдығы бар КамАЗ 65116-6010-48 автомобилінің шассиіндегі 3 жүк көлігі сатып алынды.

Жаңа көліктер Алматының Алмалы, Бостандық, Медеу аудандарында көше тазалығымен айналысады. «Алматы Тазалық» МКК өкілдері жаңа техниканың көктайғақпен күресуде пайдасы көп екенін айтады.

Бұл техниканың ерекшелігі – сұйық реагент қолданылады. Яғни көшеге себетін сұйықтықтың 24%-ы тұз ерітіндісі, қалған бөлігі судан тұрады. Аталмыш көліктер қардың алдында, қар жаумай тұрып көшелерге арнайы сұйықтықты сеуіп шығады. Ол

жолдарда мұз қатпауы үшін жасалады. Сұйықтық шашатын аспалы жабдығы көліктің артында орнатылған. Ол 12 метрге дейін реагент шаша алады. Жалпы сұйықтықтың көлемі 30 шақырымға дейін жетеді. Сондай-ақ, айтылған техника жаз кезінде де көше тазалығы үшін жұмыс істей алады, оған бөлек арнайы жабдығы бар. Қазір бұл көліктердің тиімділігі іс жүзінде тағы бір рет тексеріледі. Егер жақсы нәтиже көрсететін болса, алдағы уақытта мұндай көліктердің саны көбе-

йеді деп үміттенеміз, – деді «Алматы Тазалық» МКК Бостандық ауданы бойынша бөлім басшысы Айдын Шолтыков.

«Алматы Тазалық» МКК өкілі аталмыш техниканың қоршаған ортаға зияны жоқ екенін де хабарлады.

Техниканың қоршаған ортаға зияны жоқ. Сұйықтық себілген соң ешқандай қоқыс қалмайды. Бұрын біз түзбен араласқан құм шашатынбыз. Ол кейін қала жолдарында балшыққа айналып, қала тұрғындарына қолайсыздық тудыратын. Реагент су мен тұз араласқандықтан, ешқандай қалдығы жоқ, су ағып кетеді. Көлікті басқарып, тазалық жұмыстарын жүргізуге бір ғана жүргізуші жеткілікті, – деді ол.

ФОРУМ

DIGITAL ALMATY 2023 форумы өтеді

Биыл 2-3 ақпан күндері Алматыда V Халықаралық «Digital Almaty 2023: жаңа болмыстағы цифрлық әріптестік» цифрлық форумы өтеді. Бұл туралы ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.



Форумның басты тақырыбы инновациялық технологиялар индустриясын дамытудың заманауи жаһандық сын-қатерлері болмақ. Іс-шараның іскерлік бағдарламасы 20 панельдік сессиядан тұрады, онда 150-ден астам спикерлер – халықаралық және Қазақстандық IT-қоғамдастық өкілдері сөз сөйлейді. Digital Almaty форумына әлемнің 30 елінен 15 мыңнан астам адам қатысады деп күтілуде. Панельдік сессияларда форумға қатысушылар өнеркәсіп салаларының автоматтандырудан цифрландыруға үдемелі көшуін, цифрлық майнинг перспективаларын, роботтандыруды қолдану салаларын, Еуразиялық өңірде IT-саланы дамытуды талқылайды.

Digital Almaty пленарлық отырысына Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) қатысушы елдердің үкімет басшылары қатысады. ЕАЭО елдері премьер-министрлерінің қатысуымен пленарлық сессияда талқылаудың негізгі тақырыбы тұрақты цифр-

лық инфрақұрылымды және телекоммуникациялардағы жаңа технологияларды дамыту болады. Спикерлер GovTech және FinTech даму перспективалары туралы әңгімелейді, сондай-ақ өңірде IT бизнесті одан әрі дамыту туралы көзқарасымен бөліседі.

Форумда ел технопарктерінің, халықаралық вендорлардың және венчурлік қорлардың көрмелері ұйымдастырылады. Көрме аймақтары Индустрия 4.0. және Innovation Center индустриялық өнеркәсіптегі инновациялар мен үздік IT әзірлемелерді көрсетеді.

Сонымен қатар, FinTech, Smart City, EDTech, GameDev, IoT, 5G, SaaS, Blockchain, Big Data, MedTech, Logistic&Travel және т.б. саласындағы жобалар көрмесін қоса алғанда, 100 жаңа жоба ұсынылатын стартаптар аллеясы да IT-саланың жетекші өкілдерінің қатысуымен технологиялық марафон, воркшоп ұйымдастырылады, жоғары оқу орын-

дары мен бос орындар жәрменкелері болады. Дәстүр бойынша форум алаңында ASTANA HUB BATTLE технологиялық марафоны – үздік IT-стартап үшін жарыс өтеді. Оның жүлде қоры \$18 000 құрайды.

Форумға almatydigital.kz сайтында тіркелу арқылы қатысуға болады.

Digital Almaty – бұл цифрлық күн тәртібін, цифрлық трансформацияның жаңа стратегияларын және цифрлық технологиялар саласындағы трендтерді талқылауға арналған дәстүрлі диалог алаңы. Форум 2018 жылдан бастап бесінші рет өткізіліп келеді. Іс-шараны ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, ҚР Сыртқы істер министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі, Tech Garden және Astana Hub ұйымдастырады.

Бетті әзірлеген
Досбол АТАЖАН.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

КӨЛІКТІ АҒАШ ТҮБІНЕ
ҚАЛДЫРМАҢЫЗДАР!төтеншеліктер алматылықтарды
қауіпсіздік ережесін сақтауға
шақырдыАлматы Төтенше жағдайлар департа-
менті қалың қарға байланысты көлік-
терді ағаштың астына қалдырмауды
өтініп, көлік иелеріне үндеу жасады.Таңертең және күндіз
қалада қалың қар жауып,
кей уақытта тұман түсіп,
көктайғақ болатындықтан,
құтқарушылар алматы-
лықтарды биік таулы ай-
мақтарда жаяу серуендеу-
ден бас тартып, қауіпсіздік
ережесін ұстануға шақыр-
ды.«Азаматтардан ауа райының қолайсыздығына байла-
нысты таулы жерлерге барудан бас тартуды және 112-қыз-
меттен келетін SMS-хабарламаларды, теледидар мен радио-
да, БАҚ-тағы ақпаратты назардан тыс қалдырмауды
сұраймыз. Жауын-шашын туралы дауылды ескерту негізінде
көлік иелеріне автокөліктерді ағаштардың, электр желі-
лерінің және басқа да құрылыстардың астына қоймауға
кеңес береміз. Көлікті мүмкіндігінше қауіпсіз орынға, жақ-
сырақ, арнайы автожолға қойыңыз», – делінген Департа-
мент хабарламасында.

ГАЗБЕН ҚАМТУ

КӨГІЛДІР ОТЫН
ИГІЛІГІелімізде газ қостыру құжатын алу
тәртібі жеңілдетілдіЭнергетика министрлігінің баспасөз
қызметінің мәліметінше, қазақстандық-
тар үшін газ қостыру кезінде бірінші
құжатты алу тәртібі жеңілдетілді.Енді үйіне газ тартқызу үшін тұрғындар техникалық
шарттарды алуға өтінімді онлайн-режимінде «ҚазТрансГаз
Аймақ» АҚ сайтындағы тұтынушының жеке кабинетінде,
сондай-ақ компанияның өңірлердегі өндірістік филиалдары-
ның мекенжайлары бойынша беруіне болады.Энергетика министрлігіндегілер өтініш өңделгеннен
кейін, дайын техникалық шартты SMS хабарлама түрінде
жолданған сілтемеден жүктеп алуға болады. Ведомстводағы-
лар атап өткендей, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ құжаттарды
беруді тегін жүзеге асырады.«Техникалық шарттарды бергені үшін ақы талап етсе,
сондай-ақ компания қызметкерлерінің заңсыз және сыбайлас
жеміқорлық белгілері бар әрекеттерінің басқа да фактілері
анықталса, хабарлауды сұраймыз. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ
бірыңғай байланыс орталығына 5169 телефоны немесе +7
777 121 26 26 нөміріндегі мессенджерлер арқылы жазып,
қоңырау шалуға болады. Қазақстан аумағынан қоңырау
шалу тегін», – деді министрліктегілер.

ҚАР ТАЗАЛАУ

АЛМАТЫ АҚ ҰЛПАҒА ОРАНДЫ

Қаланың коммуналдық қызметтері күні-түні
күшейтілген режимде жұмыс істеуде

(Басы 1-бетте)

Көлік ағынының тығыз болуына бай-
ланысты жолдың бойын толығымен қам-
тып өтетін қар тазалаушы машиналар
колоннасы көліктер азайғаннан кейін
түнгі уақытта жұмыс істеді. Көктайғаққа
қарсы материалдар қайталап себілді. Ке-
шегі күні 1827 тонна материал пайдала-
нылды. Осы уақытта қала бойынша қар
тазалаушы машиналардың 18 колоннасы
жұмыс істеп, нәтижесінде қала сыртына
1260 текше метр қар шығарылды.Қазіргі уақытта қоғамдық орындарды,
тротуарларды, жаяу жүргіншілер жолда-
рын, қоғамдық көлік аялдамаларын, же-
рүсті және жерасты өткелдерін тазарту
жұмыстары жалғасуда. Қазір жолдарда
көлік қозғалысы қауіпсіздігі қамтамасыз
етілген.Алматы қаласының Коммуналдық
инфрақұрылымды дамыту басқармасы-
ның мәліметінше, түнде қала көшелерінде
барлығы 360 адам және 460 арнайы техни-
ка, оның ішінде 204 сыпыру-жинау маши-
насы жұмыс істеді.Ақ ұлпаның қалыңдығы қалада 15 см
болса, таулы жерлерде – оның биіктігі
20–25 см-ге жеткен.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ОНЛАЙН-БРИФИНГ

ЕСКЕРТУГЕ ҚҰЛАҚ АСПАҒАҢДАР

қомақты айыппұл төлейді

Қаңтар айының басында көптеген
өңірде ауа райы нашарлап, тоғыз облыс-
та автожолдар жабылды. Бұл туралы
ҚР Ішкі істер министрлігінің өкілі
Шұғыла Тұрлыбек онлайн-брифингте
айтқан болатын.«Ең қиын күндер 3 және
4 қаңтарда болды, қар,
қатты жел, боран болып,
көру нашарлады. Еліміздің
9 өңірінде республикалық
және облыстық маңызы
бар автожолдардың 79
учаскесінде көлік қозғалы-
сына шектеулер енгізілді.
Жолдарда ТЖ жою
жөніндегі республикалық
штаб құрылды», – дейдіІшкі істер министрлігінің
өкілі. Ш.Тұрлыбектің ай-
туынша, эвакуациялау
үшін 769 уақытша жылыту
пункті дайындалды.
Апаттан құтқару жұмы-
сына 4 мыңнан астам адам
және 1,5 мың техника жұ-
мылдырылды.«Жеке жүргізушілер
полицияның жолдағы қоз-
ғалыс шектеулерін елемей,қолайсыз ауа райында
қауіпті учаскелерге шы-
ғып, өздеріне және жолау-
шылар өмірі мен денсау-
лығына қауіп төндіреді.
Көп жағдайда олардың
көлігі қар құрсауында қа-
лады және оларды құтқа-
ру үшін полиция мен ТЖ
қызметкерлері тәуекелге
барып, ресурстарды жұм-
сауға мәжбүр болады.
Көлік жүргізушілері жа-
бық жолдарға шықпау
жөнінде полицияның заң-
ды талаптарына бағын-
баған жағдайларда, олар-
ға 30 АЕК немесе 103 500
теңге айыппұл, 15 тәулік-
ке дейін әкімшілік қамаққа
алу түрінде әкімшілік
жауапкершілік қаралға-нын ескертеміз», – деді
спикер.Ауа райы жағдайы на-
шарлаған жағдайда жол-
дардағы жағдай халыққа
СМС-тарату, интернет-ар-
налар және телерадио ха-
барлары арқылы алдын
ала жеткізіледі. Ішкі істер
министрлігі азаматтарға
жолдағы жағдайды алдын
ала білуге кеңес береді.Ауа райының на-
шарлауына байланыс-
ты жабық учаскелер
туралы сенімді ақпа-
ратты 112, 102 теле-
фондары, сондай-ақ
«Қазавтожол» ҰК» АҚ
байланыс орталығы-
нан 1403 телефоны бо-
йынша білуге болады.

Бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



МӘСЕЛЕ

ЖЕДЕЛСАТЫЛАР

ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТҚА СӘЙКЕС КЕЛЕ МЕ?

Алматыда соңғы үлгідегі құрылыс материалдарымен салынған көпқабатты тұрғын үйлер мен сәулеті сәнді биік ғимараттар көбейді. Әлбетте, олардың барлығы жеделсатысыз емес. Өркениеттің бір белгісі саналатын қала тұрғындарына қажетті қондырғының бүгінгі жай-күйі қалай? Олардың аты затына сай ма? Бүгінгі мақаламызда осы тақырыпты сөз етеміз.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қазақстандағы ең ірі тұрғын үй қоры Алматыда. Өткен жылғы деректерге сүйенсек, мегаполисте 8 мыңнан астам көппәтерлі тұрғын үй бар. Бірақ бұл көрсеткіш кейінгі уақытта өзгеретіні анық. Өйткені, қаланың орталықтарында да, шеткі аймақтарында да үздіксіз салынып жатқан көпқабатты тұрғын үй көп. Қазақстан лифтіштерінің ұлттық қауымдастығының президенті Ержан Игібаевтың айтуынша, бүгінде Алматыда 12 мыңға жуық жеделсаты қала тұрғындарына қызмет көрсетеді. Тұрғын үй қорында 6300-ге жуық лифт бар. Олардың жағдайын қанағаттанарлық деп бағалауға болғанымен, қызмет көрсету мерзімі 25 жылдан асып кеткен.

СТАНДАРТТАР ҚАЛАЙ БЕЛГІЛЕНГЕН?

Қазақстанда адам өмірі мен денсаулығын қорғау үшін лифтерге және лифт қауіпсіздігі құралдарына қойылатын талаптарды белгілейтін Кеден одағының 011/2011 техникалық регламенті бар. Жеделсатыны пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету ережелері де қолданылады.

Қауымдастық басшысының пікірінше, лифт саласындағы басты мәселе – ескірген жеделсатылардың көбеюі сервистік қызмет көрсететін компаниялар тарапынан тиісті қызметтің кәсіби деңгейде көрсетілмеуінен туындайды. Ал ереже бойынша тұрғын үй кешендеріндегі жеделсатыларды жөндеуінің компанияларда Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті берген лифтілерге техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүргізу құқығының куәлігі болуы керек. Сонымен қатар, олар СТ-3305-2018 «Мүгедектерге арналған лифтілер, эскалаторлар, траволаторлар және көтергіштер» Ұлттық стандартының талаптарын сақтауға, жабдықтауға, орнатуға және пайдалануға, тәулік бойы жедел қызмет көрсетуге міндетті.

Бүгінде елімізде лифт жабдыктарын шығаратын үш зауыт бар. Оның бірі – Алматы қаласында. Екіншісі – Ақмола облысында, үшіншісі – Алматы облы-

сының Талғар қаласында орналасқан. Қазақстан лифтіштері ұлттық қауымдастығының мәліметінше, бір лифтінің пайдалану мерзімі – 25 жыл. Жеделсаты мінсіз жұмыс істеуі үшін техникалық мамандар оны ай сайын жоспарлы тексеруден өткізіп отыруы тиіс. Қондырғыға берілген зауыттық кепілдік бір жылға жарамды. Ал егер жеткізуші немесе өндіруші кәсіпорындардың жабдыктары (ҚР СТ 3305-2018) ұлттық стандартқа сәйкес келсе, онда олардың өнімдеріне кепілдік үш жылға беріледі. Ережеге сәйкес тұрғын үй қорында жолаушыларға арналған және жүк тасымалдайтын екі түрлі жеделсаты қолданылады. Байқасаңыз, қазіргі жаңа салынған тұрғын үй кешендерінде екі лифт орнатылуда.

Ал медициналық мекемелерде науқастарды тасымалдау үшін белгілі талаптары бар арнайы медициналық лифтілер қолданылады. Егер лифтінің қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтай отырып, ұқыпты пайдала білсе, заманауи қондырғы сіз бен бізге ұзақ уақыт бойы қауіпсіз әрі мінсіз қызмет көрсете алады. Себебі, қазіргі шығарылып жатқан отандық жеделсатылар шетелдік лифтілерден еш кем түспейді. Олар қауіпсіздіктің бүкіл стандарттарына сай құралдармен жабдықталған.

ҚОНДЫРҒЫ КІМНІҢ ЕСЕБІНЕН ЖӨНДЕЛЕДІ?

Дерек көздеріне жүгінсек, 9 қабатты тұрғын үйдегі бір лифтіні орнатудың орташа құны (монтаждау мен жүк көтергіштігін қоса есептегенде) шамамен 14–16 миллион теңгені құрайды. Лифтінің моделін құрылыс салушы компания таңдайды, ал оны орнату жұмыстарын арнайы нұсқаулыққа және өндірушінің техникалық құжаттамасына сүйеніп отырып аттестациядан өткен мамандандырылған монтажшылар тобы жүргізеді.

– Жеделсаты – тұрғындардың ортақ меншігі. Сондықтан оны ағымдағы жөндеу процесі тұр-

● КЕРЕК ДЕРЕК

- Алматыда 2020 жылы 139 үйде 302 жеделсаты ауыстырылған.
- 2021 жылы 334 лифт жөнделіпті.
- Өткен жылы 352 лифтіні қалпына келтіру жұмыстары қолға алынды.
- Мамандар алдағы 5 жылда шаһардың тұрғын үй қорындағы барлық ескірген жедел сатылар ауыстырылады деп жоспарлап отыр.



ғындардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Ол мына тәртіп бойынша жүргізіледі. Ең алдымен, лифтіге сервистік қызмет көрсететін компания лифтідегі ақауларды көрсетіп акт толтырады, оны кейіннен МИБ немесе ПИК төрағасына жолдайды. Ал өз кезегінде төраға, егер ол істен шыққан болса, қажетті жабдықты жөндеуге кететін шығындарды есептеп, оларды сатып алуға ақша бөледі. Лифт техникалық құрылыс, сондықтан кабельдер, арнайы аяккіім, т.с.с. қажетті заттар алынады. Олардың барлығын сатып алу тұрғындардың қаражаты есебінен жүргізіледі. Кеңес заманында лифтер дейтін мамандық болған және ол сол үйде тұратын. Оның пәтерінде лифтің бұзылғанын және қай

қабатта тұрып қалғанын көрсететін арнайы жабдық болған.

– Міне, дәл осы маман лифт тоқтаған жағдайда эвакуациямен айналысқан. Қазір бұл мамандық жоқ. Қазіргі таңда үлкен тұрғын үй кешендерінде лифтідегі қауіпсіздікке жауап беретін диспетчерлік қызмет бар, ал шағын тұрғын үй кешендерінде бұл жұмыспен апаттық қызмет өкілдері айналысады. Өрбір лифт кабинасында авариялық лифт қызметінің байланыстары, қызмет көрсететін компанияның атауы болуы тиіс, – дейді Ержан Игібаев.

Лифттерді жөндеумен және қызмет көрсетумен өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы аттестаты, сондай-ақ ҚР СТ 3305-2018 ұлттық стандартына сәйкестігі туралы куәлігі бар маманданды-

рылған лифт компаниясы айналысуға тиіс. Бұл компанияларда электромеханик лифті жөндеумен айналысады, ол жеке бұйрықпен жауапты болып бекітіледі.

НЕГЕ МӘН БЕРУ КЕРЕК?

Маман атап өткендей, бірінші кезекте жеделсатыны пайдалану кезінде бірінші кезекте оның паспортының болуына және онда Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының техникалық құрылыстарды орнату бойынша есепке қою белгісінің болуына назар аудару қажет. Одан кейін лифтке міндетті жыл сайынғы куәландыру туралы белгілерге мән берген жөн.

– Егер лифтімен көтерілгенде немесе түсіп бара жатқанда бөгде дыбыстар естіліп, діріл немесе қозғалыс кезінде өзгеше құбылысты сезсеңіз, ақаулар орын алса, онда бұл – жеделсатының дұрыс жұмыс істемей тұрғанының белгісі деп біліңіз. Мұндай жағдайға тұрғындар еренсіз болмағаны жөн. Уақыт оздырмай қызмет көрсететін лифт компаниясына өзі немесе МИБ, ПИК төрағалары арқылы хабарласып, тексеруге өтінім жіберуі керек. Сервистік қызмет өтінішті кейінге қалдырмай, дереу келіп лифтіні тексеруі тиіс, – дейді Ержан Игібаев.

Ереже бойынша қызмет көрсететін компания лифтітерді айына және тоқсанына бір рет техникалық тексеруден өткізуге, сонымен қатар, жылына бір рет оның қызметінің қауіпсіз екенін куәландыруға міндетті. Ал тәртіп бұзушылық орын алса, құқық қорғау органдарына хабарласқан жөн. Қазіргі лифтітердің барлығында бейнекамера орнатылған. Бұл тұрғындардың қауіпсіздігі үшін өте маңызды. Камерадағы жазбалар ПИК немесе МИБ серверінде сақталады.

Айта кетейік, лифт жабдығының жұмыс істемеуіне, жеделсаты компаниясына қатысты күмән туындаған даулы мәселелер орын алған жағдайда Сағадат Нұрмағамбетов көшесі, 162 мекенжайы бойынша Қазақстанның ұлттық лифтіштер қауымдастығына жазбаша өтінішпен жүгінуге болады.

ЕГЕР ҚАМАЛЫП ҚАЛСАҢЫЗ...

Саспаңыз. Ең бастысы, лифтінен өз бетіңізше әрекет жасап, есіктерін сындырып шығуға тырыспаңыз. Мұндай әрекет қайғылы жағдайдың орын алуына себепші болмақ. Неге десеңіз, лифт кез келген уақытта қозғалысын жалғастырып кетуі мүмкін. Қысқасы, егер сіз лифт кабинасында тұрып қалсаңыз, диспетчерлік байланыс түймесін басыңыз. Ол жауап бермесе, онда қызмет көрсететін лифт компаниясының көрсетілген нөмірлеріне қоңырау шалыңыз. Операторға мекенжайын қатесіз, нақты айтыңыз. Содан кейін лифт компаниясының төтенше қызмет мамандарының келуін күтіңіз. Егер олардың телефоны қолжетімді болмаса немесе байланыс аясынан тыс жерде болса, 109 құтқару қызметіне қоңырау шалу керек.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



#КүшімізБірлікте!



Біз ашық бәсекелестік орныққан және бәріне тең мүмкіндік берілетін Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Ауқымды саяси өзгерістерді ашықтық, әділдік және өзара сенім арқылы жүзеге асыру аса маңызды.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.
(Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауынан).

Жастар саясаты

Шетелде халықтың туу көрсеткішіне аса мән береді. Соған байланысты жоспар жасалады. Жылдық бюджет қарастырылады. Бұл әлем елдерінің алға қойған мақсат-мүддесінің алғышарты. Соңғы уақытта кәрі құрлықта нәрестелердің дүниеге келуі сиреген. Еуропа елдерін қарттар көбейіп, жастар азайғаны қынжыл-



ЕЛ МҮДДЕСІ – ӨРКЕНДЕУ

«Мемлекет маған не береді емес, мен мемлекетіме не беремін» деген қағидат қашан да өзекті



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Мемлекет басшысы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында экономикалық бағыт бойынша бірқатар нақты бастамалар көтерді. Жолдауда «Біз экономикамызда қордаланған мәселелерді жақсы білеміз. Мысалы, шикізатқа әлі де тәуелдіміз. Еңбек өнімділігі төмен, инновация жеткіліксіз. Ұлттық табыстың игілігін жұрттың бәрі бірдей көріп отырған жоқ» деген болатын.

Әлеует пен әлеумет

Қазақстан – Еуропа мен Азияны жалғастырып тұрған алтын көпір. Біз арқылы бұрынғы жағрапиялық өлшеммен екі құрлық байланысады. Үстімізден «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодәлізі, Мәскеуден Пекинге дейін, оңтүстік бағыты Ташкенттен ары теміржол қатынайды. Осыдан біраз бұрын Қазақстан –Түркіменстан – Иранды байланыстыратын жүк пойыздарының инфрақұрылымы түзілді. Қысқасы, көліктік логистикалық әлеуетіміз зор. Тікелей теңізге шығатын қақпамыз болмаса да, Каспий теңізі арқылы, Таяу Шығыс, Жерорта теңізіне дейінгі аймаққа бидай, күріш, арпа дақылдарын жеткізудеміз. Астығымызды Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Ауғанстан, Қытай, тіпті Ресей де тұтынады. Агробизнесмен алдамыз. Таяқтың екінші ұшы барын да ұмытпайық. Кей жағдайларда қыс мезгілінің ерте түсуіне орай, біраз дәнді дақылды жинап үлгере алмай жаттық. Дейтұрғанмен, оның да шешімі табылып жатыр деп ойлаймыз.

Орталық Азияда жаңа мүмкіндіктерге ие болып жатқандар бар. Осы аймақтағы Каспий теңізі, Парсы шығанағы аймағын пайдаланады. Арысы Араб түбегі мына шеті Үндістанға қол созылуда. Бәсекеге қабілетті болу үшін жоғарыда аталған елдер әртүрлі өнімдерін экспорттайды. Соңғы уақыттары импорт та біраз салмағын байқатуда. Табиғи қазба байлықтарды сыртқа саудалаудамыз. Алайда, статистикалық дерекке сүйенсек, өткен жылы инфляция 22%-ды құрады. Әлеуметтік тауарлар ет, ұн, нан, қант, сүт, май сынды т.б. заттар бағасы көңіл көншітпейді. Бұйырса, оның да реті табылып келеді.

Сондай-ақ, монополияда тариф, жарық, жылу, электр қуаты сынды мәселелер кезең-кезеңімен жаңармақ. Бір сөзбен айтқанда, экономикалық қуатымызды нығайту үшін әлгінде пайымдалған істер нақты жүзеге асса, нұр үстіне нұр болады. Өндірушіден өңдеуші елге айналу басты міндет.

Заң үстемдігі



Әлемде сот төрелігі бірінші орынға қойылған. Заң айтты, бітті деп ұғады. Шалыс басуға, шолжаңдауға жол жоқ.

Елімізде заң үстемдігіне баса назар аударылуда. Сот әділдігі қолға алынуда. Конституциялық сот қайта түзілді. Оның төрағасын тағайындауда келісімді Сенат береді. Ал Президент Жарлығымен бекітеді. Ендігі кезекте оған қарапайым азаматтар да арыз-шағымын білдіре алады. Бұл да заң үстемдігінің айқын көрінісі деп иланамыз.

Туралық, әділдік, ашықтық – үшеуі егіз ұғым. Осыларды тілге тиек еткенде ата-бабаларымызды айтпай өте алмаймыз. Қазақтың әйгілі Төле, Қазыбек, Әйтеке билері төрелік айтудың ерен үлгісін танытқан. Дипломатиялық қасиетке ие болған. Қазылықты дала қағидатына сай жүргізген. Соның нәтижесінде «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» дүниеге келді. Аталған Бабалар заңы ғасырлар бойы «Ұлы даланы» билеу мен теңдік салтанат құруы үшін қызмет қылды. Бұлар ұлттық дүниетаным, көзқарас, болмысқа лайықты жасалды. Сондықтан болар, арада қаншама дәуір алмасса да, бабалар салған із өшпей, тарих бетіне алтын әріппен бедерленді.

Заң бәріне ортақ. Бұған баршамыз мойынсұнуымыз қажет. Бұл – айнымас қағида. Ендеше, осы ретте әркім Ата Заңымызды қадірлеуге және оның қағидаттарын қатаң сақтауға тиіс, талаптарын орындауға міндетті.

«Ұлтқа қызмет ету – мінезден»



XXI ғасыр білім мен жаңа технологияның дәуірі. Мұны біздікілер түсініп, соған сай тірлік те қылып жүр. Қазақ жастары ғаламға атақты Apple, Amazon, Microsoft, Tesla сияқты алпауыт корпорация және компанияларында табысты еңбек етуде. Оны ғаламтор, әлеуметтік желіден естіп-көріп отырмыз. Көңіл қуантады.

Алаш ардақтысы Мағжан Жұмабаев «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, мен жастарға сенемін» депті. Ақын сөзінің жаны бар. Алдағы уақытта қазақ жастары өзінің өнертапқыштық, интеллектік, эрудициялық дарыны және т.б. қырларымен жаһанды таңдандырады деп сенеміз.

Береке – философиялық ұғым. Аса қастерлі түсінік. Жаһандағы текетіретер өрбіген тұста осы сөздің қадірі артып барады. Мұны геосаяси ахуал күн сайын дәлелдей түсті. Бұрынғылар отбасының амандығын, ұйысып тірлік қылудың маңызын терең түйсінген. Ойымызды әріден қаузадық. XX ғасырдағы Алаш алыптары әр салада дамудың өзектілігін айтқан. Соған сай іс қылған. Ұлт зиялылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Халел Досмұхамедов, Жақып Ақбаев сынды тұлғалар елдің қамын ойлады. Білім, ғылым, кәсіпті игеру керектігін меңзеді. Әрбірі өз саласында оқулық жазды, ғылыми еңбек қалдырды. «Ұлтқа қызмет ету – мінезден» демеп пе еді Алаш ардақтылары. Мемлекет саясатының бағдарын ұлттық идеологиямен ұштастырды. Мұның бәрі бір сөзбен айтқанда, мемлекет ісі еді.

Біз «Берекелі қоғамға» қадам бастық. Ұлт болып ұйысудың қадірін жете түсінеміз. Отанымыздың баршамызға ортақ екенін білеміз. Алда осы бір қасиетімізді берік ұстанғанымыз абзал.

ТҮЙІН:

«Мемлекет маған не береді емес, мен мемлекетіме не беремін» деген қағидат қашан да өзекті. Әрине, білгенге астарлы, айбарлы ой. Мемлекет ісі – халықтың игілігі. Сабақты ине сәтімен. Беркелі, әділ, біртұтас ұлтқа айналу бәрінен маңызды.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тұжырымдағандай, «Әділетті Қазақстанды құру ісі енді ғана басталды. Алдағы жолдың қиындығы көп. Бұл бағдарымыз ешқашан өзгермейді, ішкі және сыртқы ахуал қандай болса да жалғаса береді. Қол қусырып отыратындар мен қасақана кедергі жасайтындарға орын жоқ. Біз таңдаған жолымыздан айнымаймыз! Ендеше, Әділетті Қазақстанды бірге құрайық! Қасиетті Отанымызды бірге өркендетейік, ағайын!».

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



2022 жылы Алматыда
50 000–ға жуық
нәресте дүниеге келген



Алматының ХҚКО–лары
арқылы өткен жылы

2,6 МЛН–нан астам
мемлекеттік қызмет
көрсетілген



Ұлттық статистика
бюросының деректері
бойынша мегаполисте

343 000
шағын және орта бизнес
субъектілері тіркелген



Биыл мемлекеттік
бағдарламалар бойынша
5266
адамды тұрғын үймен
қамтамасыз ету
жоспарлануда



Қаланың жарықтандыру
деңгейі
2025 жылдың соңына қарай
100%–ға дейін артады.



Алматыда бір түнде
1260 текше метр
қар шығарылды.



ЖЕТИСУ АУДАНДЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Осынау қимылы жылдам, сөзі нық, жүрген жерінде жастарға жалын беріп жүретін кісіні көрген сайын бойымды мақтаныш кернейді. Сірә, «қайран, біздің аналар арды ойлаған» демекші, ардақты ана, ұлтының болашағын ойлаған ұлағатты ұстаз осындай болса керек. Қаламыздың ең белсенді тұрғыны, белгілі қоғам қайраткері Тамара Мұхтарханқызы бар саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнап, еліміздің өркендеуіне үлес қосумен келе жатқан танымал тұлға. Үнемі ізденіс үстінде жүретін жан. Мемлекеттің жүргізіп отырған саясатын бұқара арасында насихаттауда да өзіндік мәнері бар. Өзін қоғамнан жеке-дара, бөлек ұстамайтын Тамара Шәкірова қала қарияларының қамқоры, бүгінде Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы. Біз Тамара Мұхтарханқызына жолығып, Ардагерлер кеңесінің атқарып жатқан жұмыстары төңірегінде әңгімелескен едік.

Тамара МҰХТАРХАНҚЫЗЫ:



ҮЛКЕНДІ СЫЙЛАУ МЕКТЕБІ

абзалдық пен ізгілік нәрін қалыптастырады



Рая
ЕСКЕНДІР

ЖАСТАР ТҮЗУ ЖОЛМЕН ЖҮРІП, АДАСПАСА ЕКЕН ДЕЙМІН

– Тамара Мұхтарханқызы, сіз үнемі қарттармызға құрмет көрсетудің ерекше үлгісін танытып келе жатқан жанысыз. Қазіргі таңда өзіңіз басшылық етіп отырған Ардагерлер кеңесі қандай жұмыстар атқарып жатыр?

– Менің бүкіл саналы ғұмырым оқу-ағарту саласында өтті. Балалармен біте қайнасып жұмыс істеген соң ба, қашанда жас ұрпақтың тәрбиесіне жаным ауырып отырады. Солар түзу жолмен жүріп, адаспаса екен деймін. Кезінде қаламыздағы автомеханика колледжінде ұзақ жыл басшылық қызметте болдым. Талай тағдырдың түзу жолға түсуіне себепкер болған едім. Одан мен де, олар да жаман болған жоқ. Әлгі балалардың алды қазір елуден асып кетті. Әлі күнге дейін «апай, қалайсыз?» деп тұрады. Мереке сайын жағдайымды сұрап, хабарласып жатқандары. Ұстаз адамға бұдан артық бақыт бар ма? Зейнетке шықсам да, үйде қарап отырмайын деп, қоғамдағы өзгерістерге өзімнің үнімді қосып отырамын. Кезінде «Аудандық Ардагерлер кеңесіне сізді лайық көріп отырмыз» деп жауапты мекемелер ұсыныс жасаған соң, келіспеске лажым қалмады. Содан бері ұжымдасып, ұйымдасып қызмет етіп жатқан жәйіміз бар. Бұл дегеніңіз, есігі бір жабылмайтын мекеме ғой. Күніне бірнеше қоңырау соғылып, трубканың ар жағындағы қарияның көңіл кілтін табуға тырысып отырғаным. Күн сайын қарияларымыздың бірі өтініш айтып, бірі тілегін арқалап бас сұғып жатады. Барлығының өзіндік бұйымтайы бар. Жасы келген кісіге керегі – көңіл ғой. Өзінің бүкіл өмірін қоғамның бел ортасында өткізген қарияларға үйде отырып қалу да қиынға соғып жатады. Алматы қаласы әкімшілігінің қарияларға арнап «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығын ашып беруі де сондықтан болса керек. Кейде көңіл күйі болмай, еңсесі түсіп келгендерді еркелетіп, арқасынан қақсап, балаша қуанып шыға келеді. Әрине, жасы келген кісі болған соң денсаулығына шағымданып, дертіне дауа іздеп келеді. Қарттыққа жетудің өзі бір арман болды.

Бұл да бір адамның кемеріне келген кемел шағы ғой. Мұндай шақта қариялар бала құсап, адамнан жылылық күтсе, енді біреулері ішіндегі әңгімесін сыртқа шығарғысы кеп тұрады. Сондай кезде олардың көңілін қалдырмауға, тыңдауға тырысамын. Ауданымызда тұрып жатқан қариялардың арасында Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл ардагерлері мен зейнеткерлер бар. Міне, осы кісілердің бүкіл жас өмірі мен күш-қайраты еліміздің өркендеу жолында өтті. Денсаулықтары сыр беріп, зардабын әлі күнге тартып жатқандары да бар. Міне, осындай кісілерге қалай қолдау көрсетіп, қамқор болмасқа...

Ардагерлер кеңесі – ең алдымен үлкенді сыйлау мектебі! Екіншіден, ұрпақтастар сабақтастығын қалыптастыратын қазыналы орта. Қазіргі таңда аудан көлемінде тұрып жатқан бір кездегі бейнеттің зейнетін көріп, өткен өмірлері тарихқа айналған қарияларымызды ақылдың кені, тәлім-тәрбиенің қазынасы десек болады. Менің бір қуанатыным, қай-қайсы да қартайдық екен деп, қолдарын қусырып қарап отырған жоқ. Қайта қазіргі өзінде жас ұрпақ тәрбиесіне өз үлестерін қосып, қаламыздың ажырамас құндылығына айналып отыр. Мәселен, Мемлекет басшысының халыққа Жолдауын талқылау, қала басшысының тұрғындармен кездесуі, ардагерлердің конференциясы дейсіз бе, қандай іс-шара болмасын қарттарымыз белсенділіктерін танытып жатқаны. Ардагерлер кеңесі жұмысына қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов үнемі қолдау көрсетіп, бағыт-бағдар беріп, қамқорлап отыратынын айта кеткеніміз жөн.

«ҚАРТТАРЫН ҚАДІРЛЕГЕН ЕЛ АРДАҚТЫ»

– Қарттар айлығының басы-қасында жүресіз... Осы жұмыстар тек науқандық сипатқа ие ме, әлде жыл бойы жалғаса ма?

– Біздің халқымыздың үлкенді сыйлайтын жақсы қасиеті бар ғой. Қанға сіңген қасиетке кеңпейілді қосыңыз. Сондықтан қарияларды сыйлау қазан айына ғана қарап тұрған жоқ. Жалпы, жыл сайын Қарттар айлығы басталмай тұрып, ауданымызда тұрып жатқан қарияларымыздың тізімін жасап, оларға қандай көмек қажет екенімен танысып отыру біздің үрдісімізге айналған.

Осындайда бүкіл бір ауданның қарттарының басын біріктіріп отырған мекеме болғандықтан, жауапкершіліктің жүгі көбіне Ардагерлер кеңесіне түсетінін аңғарамын. Десек те, қариялардың көңілі көтеріліп, бір серпіліп қалсыншы деп, мерекелі көңіл күй сыйлауға тырысамын. Қарияларымыздың өмірі көбіне немере бағып, үй күзетумен өтетіні де шындық қой. Сондықтан ең құрымағанда өздеріне құрмет деп белгіленген бір айда қаланың мәдени орындарын аралап, бой жазса екен деймін. Күні бойы үйде отыратын қарияларымыздың мәдени орынға бармақ түгілі, қаланың орталығын көрмейтіндері рас. Сол үшін өткен жылғы Қарттар айлығы барысында арнайы көлік жалдап, театрға, киноға, Опера және балет театрына, қаланың бірнеше мұражайына, Орталық саябаққа саяхат жасадық. Сонымен қатар, Түргендегі форель шаруашылығы мен Алма-Арасанға, Есікке дейін барып қайттық. Спорттық ойындардың жарысын өткіздік. Қарттарымыздың балаша қуанғанын көрсеніз ғой, көңілдері көтеріліп, сергіп қалды. Бір ауданда тұрғанымен бір-бірін танымайды. Осындай басқосу кезінде олар ашылып, ашық-жарқын қауқылдасып, бірін-бірі баяғыдан танытын жандардай маз болды.

Бойында ұлттық қасиеті басым, ата-ананы сыйлай білетін, қарияларға қамқорлық танытуға әзір тұратын біраз азаматтар мереке сайын көмек көрсетіп жатады. Ондай азаматтарға алғыс айтқаннан басқа не деуге болады? Өнерпаздар да өз арамыздан табылып, қарияларымыз аудандық хор ұжымына қатысады. Мерекелік іс-шараларда өз өнерлерін көрсетіп жатады. Жасы келген кісілердің қоғамнан қолдау, маңайынан жылылық күтетіні заңдылық. Сондықтан ондай мұқтаж кісілерге қол созып, қолдау көрсетуіміз керек. Ауданда тұрып жатқан тұрмысы төмен отбасыларға қысқы отын мен көмір жеткізіліп, бірнеше отбасы азық-түлік себеттерімен қамтылды. Бұл да өз кезегінде аз болса да көмек. Әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі жалғыздікті қарияларымыздың үй-ішін тазалап, әктеп-сырлап ретке келтіріп берді. Ол да адамгершілік, үлкен сауапты іс. Сосын жасы келген кісілердің ыңкыл-сыңқылы көбейіп жатады. Осы ретте тек Қарттар айлығы аясында ғана емес, жыл бойы аудандағы денсаулық мекемелері қарияларға арнап «Ашық есік» күндерін өткізіп келеді.

Денсаулық сақтау мекемелерінің жауапты мамандары қарияларға әлеуметтік көмек көрсетіп, үйлеріне барып, дәрігерлік тексеруден өткізді. Әлі де мамандар қариялардың қажетті дәрі-дәрмектерін жеткізіп беріп жатыр. Қазақта «Біз де сіздей болғанбыз, Сіз де біздей боларсыз» деген сөз бар. Біздің аудандағы «Орталық», «Солтүстік» деп аталатын зираттарда талай-талай қадірменді қарияларымыз мәңгілік мекендерін тапты. Түрлі тағдыр бар ғой. Артында іздеушісі жоқ, қабірлердің маңайын шөп-шалам басып, қараусыз қалғандары жетерлік. Сондықтан арнайы мекеме қызметкерлерімен бірлесіп, сол маңайға да тазалық жұмыстарын жүргізіп отыруды өз міндетімізге алғанбыз.

ЖАҢА ҚОҒАМ ҚҰРУДА ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

– Биыл алға қойған қандай іс-шаралар, жоспарларыңыз бар?

– Ең алдымен, еліміз аман, жеріміз тыныш болсын деймін. Басты тілегім – еліміздің іргесі сәгілмей, тек бейбітшілік болсын! Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, еліміздің көркеюіне үлес қосайық. Әділетті Қазақстан құру жолына баршамыз өз үлесімізді қоссақ, алынбайтын қамал болмас. Осы жолда, жаңа қоғам құруда ұрпақтар сабақтастығын қалыптастырудың маңызы зор. Біздің аудандық Ардагерлер кеңесінің бұл бағытта қолға алар бағдарлары аз емес.

Өткен жыл қай-қайсымызға да оңай болмады. Ауданымыздағы біраз қарияларымыздан көз жазып қалдық. Олардың орны ойсырап, жоғы білініп тұр. Ұзақ жылдар аудандағы Ардагерлер кеңесін басқарып, өзім үлгі тұтып жүрген Ким Серікбайұлы, Құдайберген Қабдолдин, Жақсылық Әмірханов сынды азаматтарымыз да келместің кемесіне мініп, о дүниелік болды. Сол кісілерді ойласам, көңілім құлазып қалады. Мақсат – аға ұрпақтың тағылымды жолын бүгінгі ұрпақ бойына сіңіру.

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНЕ БҮКІЛ ҚОҒАМ ЖАУАПТЫ

– «Ұрпақтар сабақтастығы» демекші, қазіргі жас ұрпаққа көзқарасыңыз қалай?

– Әрине, «Не ексең, соны орасың» дейді. Ұрпақ тәрбиесі баршамызға ортақ. Бәріміз, бүкіл қоғам болып жауаптымыз. Дегенмен, ұрпақ тәрбиесіне ең алдымен отбасы жауапты екенін де ұмытпаған жөн. Көп жағдайда «мектеп не үйретіп жатыр?» деген ата-аналардың пікірін естіп, қарным ашып қалады. Мектептен талап етіп, өз міндеттерін ұмытып жатады. Әрине, бұл өте өкінішті. Оның салдары тым күрделі. Өзім ұзақ жылдар бойы білім саласында еңбек еткен кезімде қарттармен тығыз байланыста болған едім. Сол кезде қарияларымызды қонаққа шақырып, олардың өткен өмірін шәкірттеріме үлгі ретінде таныстырушы едім. Менікі жас ұрпақ үлкенді сыйлауды үйреніп, жастықтың, уақыттың қадірін білсін деген ой ғой. Сол тәрбие-тәсілім көп жағдайда жақсы нәтиже беріп, текке кетпеген сынайлы.

Жалпы, үлкенді сыйлаудың мектебін қалыптастыру маңызды. Ауданымыздағы білім мекемелері «Қарттарым – асыл жандар», «Ардақты атам, аяулы әжем», «Атам, әжем және мен», «Үлкенге – құрмет, кішіге – міндет», «Қарттарын қадірлеген ел ардақты», «Қарттық – құрметті кезең», тағы басқа ауқымды іс-шаралар өткізді. Мұның өзі жас ұрпақтың бойына ізгілік нәрін сеуіп, парасаттылық дәнін еккенмен бірдей.



ШӘКІРТАҚЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында еліміздің жоғары оқу орындарында оқып жатқан студенттердің де жағдайы жақсара түсуде. Жыл сайынғы Жолдаудың аясында шәкіртақының да мөлшері өсе түскені байқалады. Жаңа жыл басталысымен бұл мәселе тағы да қолға алынып, Қазақстанда шәкіртақыны екі есеге арттыру тағы да жоспарланып отыр.

ЕКІ ЕСЕ
КӨБЕЙЕДІ


Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің мәлімдеуінше, Қазақстанда 2025 жылға дейін студенттердің шәкіртақысын екі есеге арттыру жоспарланып отыр. Сондай-ақ, 2025 жылдан бастап келесі кезеңде де осындай өсім болады, сон-

дықтан бюджетте қаржыландырудың қажетті көлемін қарастыру маңызды. Университеттердегі шәкіртақы мен профессорлық-оқытушылық құрамның жалақысын сапалы көтеру үшін грант құны кезең-кезеңмен көтерілмекші.

ҰБТ

КЕЗЕКТІ СЫНАҚ
БАСТАЛДЫ

Еліміз бойынша кезең-кезеңмен өткізіле бастаған Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағының ережелеріне де үйрене бастағандаймыз. Қазір еліміз бойынша жаңа жылдың басында өтуге тиіс, яғни қаңтарда тапсыратын ҰБТ басталды.



Ұлттық бірыңғай тестілеу 10 ақпанға дейін өткізіледі. Тиісті сала өкілдерінің мәліметінше, тестілеуге қатысу үшін 125 мыңға жуық өтініш келіп түскен. Өтініштердің барлығы ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығының app.testcenter.kz сайтында 20 желтоқсаннан 6 қаңтарға дейін қабылданған. Қаңтардағы ҰБТ-ға жоғары оқу орындарына шартты түрде қабылданған студенттер, шығармашылық дайындықты талап ететін, басқа білім беру бағдарламалары тобына ауысуға ниет білдірген ЖОО білім алушылары, ақылы негізде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласына ауысуға ниет білдірушілер, сондай-ақ қалауы бойынша ЖОО ақылы негізде оқуға қабылданғысы келетін мектеп түлектері қатысқалы отыр. Сонымен қатар, бұл жолы да сынақ тапсырушылар емтихан орнын, күнін және уақытын өздері таңдайды. Биыл ҰБТ-да тестілеу форматы еш өзгеріссіз, бұрынғы қалпында қалып отыр.

Мәселен, сынақ тапсырушылар Қазақстан тарихы бойынша 20 тапсырманы, оқу сауаттылығы – 15, математикалық сауаттылық – 15 және екі бейіндік пән бойынша 35 тапсырманы орындайды. Сынақ барысында 120 сұрақ болады. Биылғы жылы да ең жоғары балл – 140. Тестілеуге берілетін уақыт – 4 сағат (240 минут). ҰБТ тапсыру кезінде ерекше білім беру қажеттіліктері

бар балаларға берілетін қосымша 40 минуттық уақыт сол күйінде өзгеріссіз қалып отыр. Сонымен қатар, биыл дистракторлардың саны азайды (жауап нұсқалары). Мәселен, бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында нұсқалар саны бестен төртке дейін, бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмаларында (үш дұрыс жауаптан көп емес) сегізден алтыға дейін азайтылған. Биылғы қаңтардағы ҰБТ-дан бастап «Информатика мұғалімдерін даярлау», «Ақпараттық технологиялар», «Ақпараттық қауіпсіздік» білім беру бағдарламаларының топтарына түсуге ниет білдірушілер ҰБТ-ны «Математика-Информатика» комбинациясы бойынша тапсыратын болады. Биыл 11 білім беру орталығы талапкерлерге тегін онлайн сабақтар өткізсе, ҰТО сайтында «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» бойынша 100 дата, «Қазақ әдебиеті» және «Орыс әдебиеті» бойынша әдебиеттер тізімі, «Информатикадан» терминдер тізімі жарияланып отыр. Сондай-ақ, ҰБТ сұрақтары мен тест жоспары құрастырылған оқулықтардың тізімі жарияланды.

Сонымен қатар, сынақ кезінде талапкерлерге калькулятор, Менделеев және тұздар ерігіштігі кестелері компьютер экрандарында қолжетімді. Талапкерлерге сынақ алаңына өздерімен бірге қалам, су және шоколад алып келулеріне болады.

ТҰЛҒАТАНУ

КЕМЕҢГЕРГЕ ТАҒЗЫМ

Бүгін мегаполисте сағат 11.00-де мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, дипломат, академик Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі мен басқа да еске алу шаралары өтеді. Д.А.Қонаевтың мемориалды пәтер-музейінде экскурсия ұйымдастырылады.

Ақтолық
Тұрлығызы

Мемлекет қайраткерінің 111 жылдығына арналған іс-шараның мақсаты – оның ел экономикасы мен саяси аренадағы ролін ұрпақтан-ұрпаққа насихаттау және дәріптеу.

Іс-шараға Д.А.Қонаевтың қызметтес ізбасарлары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, соғыс және еңбек ардагерлері, туған-туыстары, БАҚ өкілдері, қала тұрғындары мен қонақтары қатысады.



ЖАҢАЛЫҚ

ЕКІ ЖЕП,
БИГЕ ШЫҒУҒА БОЛАДЫ

Жаңалықтың жаршысы болатын білім жүйесі тағы бір жаңашылдығымен көпшілікті елең еткізіп отыр. Елімізде биыл жаңа оқу жылынан бастап 10-11-сынып оқушылары бір мезетте мектепте де, колледжде де оқи алады деген ақпаратқа әсіресе, ата-аналар қызығушылық танытып отырған көрінеді.



Сонымен, бұл жаңалық ел мектептеріне Оқу-ағарту министрлігінің шешімімен пилоттық жоба ретінде қосылады. Қос деңгейлік білім беруді экс-министр Асхат Аймағамбетов енгізген еді. Мәселен, түске дейін мектепте сабағын оқыған оқушының түс қайта кәсіби білім беретін арнайы оқу орнында білім алуына құқы бар. Бұл арада таңдау оқушының өзіне беріледі.

Яғни оқушы қалаған мамандығын да өзі таңдайды. Сонымен қатар, бұл жұмыстың барлығы бюджет қаражатының есебінен жүргізіледі. Экспериментті білім беру алдағы екі оқу жылында тәжірибе ретінде қосылғалы отыр. Қазірдің өзінде әр өңірден тек екі кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарымен келісім жасалып,

олар 16 мамандық бойынша жұмысшы мамандарды дайындайтын болады. Негізінен, колледждердегі қосымша білім алатын балалардың саны 15-тен аспауы керек. Орта білім мекемесімен қатар, оқушылар жұмысшы мамандығының, яғни кәсіптік-техникалық оқыту ұйымының дипломын алып шығады.

ГРАНТ

БІЛІМГЕ ҚАРАП БАҒАЛАУ КЕРЕК

Білім грантын жеңіп алу әркімнің өзіне байланысты. Ең алдымен, ізденіп, сапалы білім алуға тырысу керек. Білімге арналған уақытты білімге жұмсау қажет. Осы орайда ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Алтай Көлгінов білім құны артқан жағдайда қазақстандықтар үшін жоғары білім қолжетімділігін қалай жасауға болатындығы туралы айтқан еді.

Дегенмен, бізде мемлекеттік гранттар бар. Ол қажеттілік деңгейінде жыл сайын бөлінеді. Педагогикалық, медициналық, ауыл

шаруашылығы, IT, не басқа сала мамандықтарына мемлекеттік грант үнемі қамтамасыз етіледі.

– Мемлекеттік грантқа ие

болу үшін жақсы оқу керек. Бұл – ең алдымен педагогтарға, сосын оқушыларға жүктелетін міндет. Жалпы, грантқа лайық болу үшін жақсы оқу қажет. Қалай болса солай грантты тарату дұрыс емес. Егер адам нашар оқыса әрі қандай да бір жолмен диплом алса, онда ол ертең еңбек нарығында сұранысқа ие болмайды. Сапалы білімге назар аударған жөн. Мемлекеттік қолдау грант беру арқылы қамтамасыз етіледі, – деді Алтай Көлгінов.

ВИРТУАЛДЫ ӘЛЕМ

ӘЛЕМДІК КІТАПХАНА
АЛАҚАНЫҢЫЗДА ТҰР

Виртуалды әлем енді білім кеңістігіне де еркін қадам басты. Қазіргі кезде студенттер кез келген орында отырып-ақ әлемдік цифрлық кітапханаға тегін қол жеткізуге мүмкіндік алатын болды. Бұл ретте Coursera корпорациясымен келісімге

қол қойылды. Сәтін салса, 16 қаңтардан бастап қаржыландырудың алғашқы кезеңі басталмақшы. Сондықтан осы жылдың өзінде-ақ қазақ және орыс тіліне аударылған Coursera-ның бірінші курстары университеттерге қолжетімді болады.



Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ



Кейбір заң бұзушылықтарды анықтайтын арнайы ақылы онлайн қызметтер бар. Оның көмегімен плагиатты анықтай алады. Мәтіндер мен басқа да авторлық құқықпен қорғалған туындылардың түпнұсқасын авторын көрсетпей, өз атынан жариялайтындардан гөрі, із жасырып, ұрланғанын білдіртпеу үшін түрлі әдіс-тәсілдер қолдану көп кездеседі. Мәселен, бір сөзді соған мағыналы басқа сөзбен алмастыру, нақты авторын, дереккөзді көрсетпеу деген сияқты, т.б.

Мамандардың айтуынша, мұндай әрекеттерден соң авторлық құқықты дәлелдеу қиынға түседі. Дәлелденген жағдайда заң алдындағы жауаптан жалтара алмайды.

1996 жылы маусымда қабылданған авторлық құқық туралы заң құқықты авторын жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтары ретінде анықтайды. Ал 2015 жылы авторлық құқық пен сабақтас құқықтарды бұзу қылмыстық құқық бұзушылық санатына ауыстырылды. Ел заңында авторлық құқық санатына не кіреді, жаза қандай? Сұрақтарды заңгер маманнан сұрап көрген едік.

МҰНЫ ДӘЛЕЛДЕУ ҚИЫН

Мұндай заңсыздықтар жиі кездесетініне қарамастан, авторлық құқық қорғау бойынша сотта қаралатын істер жоққа тең десек, артық айтқандық болмас. Былтыр 2022 жылы осы бағытта бір ғана іс қаралған. Залалды өтеудің немесе кірісті өндіріп алудың өтемақы мөлшерін сот айқындайды. Ол 100 айлық есептік көрсеткіштен 15 000 айлық есептік көрсеткішке дейінгі сомда. Сот шығындары өтемақыдан көп шығады және авторлық құқық бұзылғанын дәлелдеу өте қиын болғандықтан жеке және заңды тұлғалар сотқа жүгіну тиімді деп ойламайды. Қарапайым тілмен айтар болсақ, қолын бір сілтеп, жүре береді. Мән бермей жатады.

Екіншіден, бізде авторлық құқықты тіркеу заңмен міндеттелмеген, бірақ интеллектуалды меншікті ҚР Әділет министрлігінде тіркеген жөн. Өйткені, кейін құқығы бұзылғаны туралы дәлелдеу қиынға соғады. Аталмыш жеке меншікті құқық авторын өмірінің соңына дейін беріледі және қайтыс болғаннан кейін де 70 жыл сақталады. Содан кейін мұрагерлеріне беріледі. Егер мұрагерлері болмаса жалшылама мүлікке айналады.

Бүгінгі таңда көбіне интернет желісінде жүктелген фотосуреттердің авторлық құқығы бұзылуда. Бұл түсінікті. Біз әлеуметтік желілер дәуіріндеміз. Instagram қосымшасы желілер арасында ең танымалы, яғни 1 миллиардтан аса қолданылушылардан мөлшермен алғанда 50 миллиард фотосурет жүктелген. www.datareportal.com сайтының мәліметі бойынша, Қазақстан әлемде Instagram қосымшасын қолданушылар арасында 17-орында тұр. Осы статистикаға қарап-ақ, екінің бірі авторлық құқық бұзылушылыққа соқтығысатыны сөзсіз. Егер желі қолданушы-

ЖАҢА КОДЕКС

Елде пара алғандар енді алған қаржысынан 20 есе көп айыппұл төлейтін болады. Заң бойынша парақорлар 5 мың айлық есептік көрсеткішінде айыппұл төлеген еді. Енді заң қатаңдамақ.

Әділет министрлігі ҚР кейбір заңнама-лық актілерге, Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстерін оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын жариялады. Жобада коммерциялық пара берушілерге жазаны қатаңдату жоспарланған. Пара алушыларға алған пара сомасының 10 еседен 20 есеге

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

оған қатысты істер неге сотта қаралмайды?

Әлеуметтік желі дамығалы қазір басқаның жеке авторлық туындысын иемдену, заңсыз меншіктеп, қолдану жиі кездеседі. Авторлық құқықтың бұзылатын кезі көп. Әсіресе, сайттар мен мессенджерлердегі мәтіндерді еш өзгертпестен, көшіріп жазады. Суреттер мен музыкалық туындыларды, киім-кешектердің авторлық үлгілерін ұрлайтындардың көбейгенін естіп жүрміз.

МАМАН ПІКІРІ:

Лаура СЕРІКҚАЗЫҚЫЗЫ, заңгер:



СОТҚА ЖҮГІНЕТІНДЕР ЖОҚТЫҢ ҚАСЫ

Әр адамның ой-өрісі мен іс-әрекетінің өз бағасы бар. Әркім өзі ойлап тапқан мүліктік құқықтарын, білім, әдебиет, өнер шығармаларын және одан басқа ойлап тапқан туындыларын заңды түрде қорғауға құқылы екенін естен шығармаған жөн. Ол Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңымен қорғалады. Әдеби, драмалық, музыкалық сценарий, ғылым, өнер туындылар, тіпті мәтіні жоқ әуендер, т.б. шығармашылық еңбектің туындылары авторлық құқыққа жатады.

сы басқа біреудің суретін немесе туындылары мен мәтіндерін қолданғысы келсе, тек авторының келісімін алып, авторын аты-жөнін белгілеп қойғаны абзал. Сонымен қоса, айта кететін жәйт, егер белгілі бір тұлға фотосессия жасап, суретке түссе, авторлық құқық фотографияға тиесілі болады. Дау-дамайға жол бермес үшін алдын ала фотографпен келісімшарт жасасқаны дұрыс.

ОҚЫРМАНҒА ҚҰЛАҚҚАҒЫС

** Егер сіз өз суретіңізді немесе туындыңызды басқа біреудің заңсыз жариялағанын көріп қалсаңыз, біріншіден, сол адамға хабарласып, алып тастауын өтініңіз. Егер ол өтінішіңізді орындамаса, әлеуметтік желі қосымшасының техникалық қолдауына хабарласып, авторлық құқығыңыздың бұзылғаны туралы айтыңыз. Техникалық қолдау өзі-ақ құқық бұзушылықпен жарияланған материалды алып тастайды немесе парақшасын бекітіп тастайды. Сондай-ақ, құқық қорғаушыға және авторлық құқық қорғаумен қоса өтемақы өндіріп алу үшін сотқа жүгіне аласыз.*

ЖАҢА ЗАҢ ҚАЖЕТ

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне сәйкес авторлық құқық бұзушы 80 есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 80 сағатқа дейінгі мерзімге қоғам-

дық жұмыстарға тартуға жазаланады. Дәл сол іс-әрекеттер, егер олар айтарлықтай мөлшерде жасалса немесе айтарлықтай залал не авторын немесе өзге құқық иеленушінің құқықтарына немесе заңды мүдделеріне елеулі зиян келтірсе не бірнеше рет жасалса, 160 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 160 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не 40 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

Меніңше, «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заң ескірген деп ойлаймын. Өйткені, бұл заң 90-жылдарға арналған. Заманауи әлеуметтік желілердегі авторлық құқық бұзушылық реттелмеген.

КЕРЕК ДЕРЕК

Авторлық құқыққа саналмайтындар:

- 1) ресми құжаттар (заңдар, сот шешімдері, заң әкімшілік, сот сипатындағы және дипломатиялық сипаттағы өзге де мәтіндер), сондай-ақ олардың ресми аудармалары;
- 2) мемлекеттік нышандар мен белгілер (жалаулар, елтаңбалар, ордендер, ақша белгілері және өзге де мемлекеттік нышандар мен белгілер);
- 3) халық шығармашылығы туындылары;
- 4) оқиғалар мен фактілер туралы ақпараттық сипаттағы хабарлар.

ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

Енді елімізде қоғамдық орындарда балағат сөздер айтқаны (ұсақ бұзақылық) үшін айыппұл 4 есеге дейін өседі. Бұл туралы ІІМ Әкімшілік полиция департаменті басшысының орынбасары Азамат Құрымбаев айтты.

Балағат сөзге жаза бар

«Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің жаңа нұсқасында қоғамдық орындарда дөрекі сөздер айту, жеке тұлғаларды қорлау және оларға қысым көрсету, ғимараттарды, құрылыстарды, тұрғын үй-жайларды, ортақ пайдалану орындарын, көліктегі және қоғамдық орындардағы мүлікті қорлау және айналасындағыларға құрметсіздік білдіретін, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер ұсақ бұзақылық болып саналады», – деді Азамат Құрымбаев.

Ұсақ бұзақылық үшін сот 5 АЕК, яғни 17 250 теңге айыппұл немесе 15 тәулікке дейін қамауға алу жазасын тағайындайды.

Жаңартылған кодекс бойынша, айыппұл 20 АЕК – 69 мың теңгені құрайды немесе 5 күннен 30 тәулікке дейін қамауға алу жазасын көздейді. Түзетулер алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 60 күн өткен соң күшіне енеді. Президент түзетулерге 2023 жылдың 3 қаңтарында қол қойды.

ТАРИХИ ТАНЫМ



БАБАЛАР ЗАҢЫ НЕ ДЕЙДІ?

Қазақ тарихында жөнсіз балағаттап, жаман сөз айтқандарды әдет заңы арқылы жазалап отырды. Балағат сөз айтқан адамға айыппұл салуды қазақ тарихында Тәуке хан бастаған. Ханның «Жеті жарғы» әдет-ғұрып заңдар жинағының бесінші жарлығында «Кәмелетке жеткен баланы туған ата-анасына тіл тигізіп сөккені үшін (қол тигізбесе) қара снырға немесе қара есекке теріс мінгізіп, мойнына құрым іліп, бүкіл ауылды айналдыру керек» деп жаза белгіленген. Осы заңдар жинағында діни сенімге байланысты қылмыстың екі түріне, біріншісі – Құдайға тіл тигізуге де жаза белгіленді (келесісі құдайға сенбеу). Онда «жеті кісі куәлік етсе, Құдайға тіл тигізушіні таспен атып өлтіреді. Кәпір болған адамның бүкіл мал-мүлкі оның туған-туыстарының қарамағына өтеді. Сұлтанды не қожаны тіл тигізсе, ол адам бір тоғыз, яғни тоғыз мал айып төлейді, ал сабаса, яғни қол жұмсаса үш тоғыз, яғни 27 мал төлейді» деп көрсетілген.

(Дереккөз: Ашық интернет көздерінен алынды).

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



алған қаржысынан 20 есе көп айыппұл төлейтін болады

дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салынады. Әділет министрлігінің түсіндіруінше, айыппұлдардың жаңа

мөлшері «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасымен және бас прокуратураның тапсырмасы аясында енгізіліп отыр.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ҰЛТ САУЛЫҒЫ

Мемлекет қуатын айқындайды

Алматы – алып шаһар. Мұнда мүмкіндік көп. Сол мүмкіншілікті тиімді пайдалана алу да шеберлік. Босқа уақыт оздырмай, бәрін өз орнымен жасаған абзал. Бұл қағиданың барлық салаға қатысы бар.

XXI ғасыр – арпалыс ғасыры. Дәп Алматыдай алып шаһарда тіршілік тым қауырт. Жұмыстан қол үзуге әсте болмайды. Бүгінгі шаруа ертеңге қалмауы керек. Лажы болса, бос уақытта өз дене пішіміңіздің хал-қадіріне де зер салғаныңыз жөн. Әгәрәки, салғырттық пен енжарлыққа бой алдырсаңыз, тәніңіздің ауырлығын сезінесіз. Оның арты неге апарып соқтыраы айтпаса да түсінікті. Біз күнделікті тірлікпен жүріп, өз денсаулығымызға немқұрайлы қараймыз. Спорт залдарына бас сұғуды ойласақ та, істемейміз. Одан да бір мызғып алуды көксейміз. Олай кете берсе, денеңізге артық салмақ жиналады. Жүріс-тұрысыңыз баяулайды. Жеңіл қозғалудан қаласыз. Осыған орай, қала тұрғындарының спорт секцияларына деген қызығушылығын зерделеп көрген едік.

ЕНЖАРЛЫҚ

Денсаулық әркімнің өзіне қымбат

Мегалополисте бір-бірінен өткен спорт залдары самсап тұр. Ішінде неше түрлі құрал-жабдық тағы бар. Баршасы көздің жауын алады. Жаттықтырушымен келісуге де болады. Өзіңізге ыңғайлы күні керекті секцияға бара аласыз. Тек бір нәрсе жібермейді. Ол – енжарлық.

Қазір ғаламторды ашып қалсаңыз, неше түрлі кеңестерден көз сүрінеді. Мотивацияға толы роликтер жетерлік. Тіпті, 2-3 жылды бейбей қойып, 2-3 айда сымбатты дене бітім қалыптастыруға үндейді. Бірінен екіншісі асқандар өз бейнероликтерін салып әлек. Кереуетте жатып қызығамыз. Сондай болғымыз келеді. Алайда, бойдағы жалқаулықты жеңбейміз. Сылтауды сырттан іздейміз. Тұтынып жүрген азық-түлікті кінәлі етеміз. Ал өзіміз қозғалуды керек етпейміз. Бірақ қоғамдық орын, автобус, метрода тұр-тұласы келіскен жанды көріп, таңырқаймыз. Іштей қызығып та, қызғанып та қараймыз. Ол жағы жасырын емес.

Елдімекенде мал жайғау, су әкелу, қарағайды жару сынды майда-шүйде тірлік көп. Егін-тегінді егіп, оны жинау керек. Жазда қысқа қамданбасаңыз, тағы болмайды. Осы істердің басы-қасында үлкендер жүреді. Ал кішілер жәрдемші. Әбден ауылдың қара жұмысына піскен бала мықты болары айқын. Ал сол бала мектепті бітіріп, қалаға жоғары оқуға түседі. Сол уақытта көбісі жатақханада жатады. Ата-анасы жіберген қаражатты пайдаланады. Міне, осы кезде қолы босаған уақытта сабақтан соң бокс, күрес, футбол, волейбол сынды үйірмелерге барса ғой. Кейбірі құр ұйқымен 4-5 жылын артқа тастайды. Ақыр соңында ешкімге қажеті жоқ, қозықарын байлайды. Айтарымыз, енжарлыққа бой алдырмайық. Мұның түбі ауруға алып барады. Бір сәт өз-өзіңізге назар аударыңыз. Өйткені, денсаулық әркімнің өзіне қымбат.

БАҒА

Спортқа жаны құмарларға тең мүмкіндіктер қарастырылған ба?

Бүгінде қаржы табу жеңіл іс емес. Бірнеше шаруаны қатар атқаруға тура



келеді. Сондықтан өмір сүру, қимылдау өте маңызды.

Шаһарда жаттығу залдары көп. Қадам бассаңыз, соларға жетіп жығыласыз. Алайда, оған барып қатысу үшін де қомақты қаражат қажет. Бағалары шарықтап тұр. Егер студент немесе зейнеткер санатына кірмесеңіз қиындау. Онда қалыпты бағаны төлейсіз.

Алматыда жаттығу залдарына барушылар қатары жыл санап артуда. Фитнес, йогаға қатысқысы келіп жүргендер жетерлік. Әйтсе де, барлығының қалтасы көтермейді. Қаражат мұрша бермегеннен кейін, кім ондай орталыққа барсын. Біздің кім деп отырғанымыз – айлық табысы 80–150 мың теңге көлеміндегілер. Қайтсін, содан кейін кептелісті айтып, өз-өздерін алдайды. Бәрін уақыттың тапшылығына жабады. Мейлінше көп жұмыс атқарса, соғұрлым ақша көлемі ұлғаятынын біледі. Темір-терсек көтергенше, пұл табудың соңына түседі. Осылайша мәселе тұйықтала береді. Денсаулық сыр бергенде, терең ойға кетеді. Науқас болып қалмас үшін дәрі-дәрмекке көп қаржы жұмсайды. Десе де, мұның бәрі кеш тірлік.

Жұртты шошытатыны – жаттығу мекемелерінің бағасы. Ең кем дегенде 1 айда 30–40 мың теңге қажет. Оның өзі 10–12 сеансты қамтиды. Одан зоры 50–60 мың теңгеден асады. Өздігіңізден үйренетіндей, іштен біліп туған ешбіріміз жоқ. Сол себепті де, жаттықтырушыға жүгінеміз. Ол кем дегенде 20–30 мың теңге сұрайды. Белгілі бір күндері келуге рұқсатын береді. Сіз ұнатып жүрген орын қаланың келесі басында болуы мүмкін. Оған қатынау үшін тиімді уақыт, жол-пұл керек. Қоғамдық көлікпен қатынас жасаңыз, аз дегенде 10 мың теңге қажет. Жеке көлігіңіз болса, шығын 2 есеге артады. Басаяғы 70–80 мыңнан артық қаражат қалтада болуы керек. Тағы протеин, гейнер, белок

сынды қосымша заттарды алу керек. Онсыз армандаған нәтижеге қол жеткізу мұн. Осыдан кейін қалайша спортқа бет бұруға болады. Бұл – нағыз өзекті мәселе.

ҚОЛДАУ КЕРЕК

Денсаулығы мықты азаматтарды қалыптастыру бәрінен маңыздырақ

Бұқаралық спорт қолдауды қажет етеді. Мұны да жас балаша мәңгілеу керек. Әйтпесе, азаматтар арасында ауыр-сырқау артуы бек мүмкін.

Елімізде 2030 жылға қарай халықтың 30%-ын бұқаралық спортпен айналыстыру жоспары болған. Ол біртіндеп орындалып келеді. Бірақ тасбақа жүріспен келеміз. Әне-міне дегенше, алға қойған меже тәмамдалып келеді. Ұлт саулығы мемлекет қуатын айқындайды. Әскер, полиция, ұлттық қауіпсіздіктің негізгі кепілі. Ендігі кезекте күштік құрылымда іс атқаратын денсаулығы мықты азаматтарды қалыптастыру бәрінен маңыздырақ. Зауыт, фабрика, өндіріс орындарында істейтін жас өнертапқыштар өскені абзал. Білім мен ғылымды, жаңа технологияны игеретін жандар ауадай қажет-ақ. Осы салаларды қамтамасыз етеміз десек, ұлт саулығына көңіл бөлген дұрыс.

АҚШ, Еуропа елдерінде бұқаралық спортқа квота бөлінетін көрінеді. Арнайы санаторий, шипажай орталықтары қарас-

тырылған. Кезекті еңбек демалысында, оған осы нәрселерді ескеріп қосымша қаражат төлейді. Мұны жұмыс берушіге міндеттеген. Бар жағдайы болғандықтан әлгіндей нәрселерге бас қатырмайды. Қай спортқа барса да өзі біледі. Жыл 12 ай жұмыс істеп, басы ауырып, балтыры сыздаса, емдеу-сауықтыру орындарына барады. Ондай орталықтарда жүгіру, секіру, аэробикамен айналысуға мүмкіндік қарастырылған. Осыдан кейін қалай өз денсаулығыңызға көңіл бөлмейсіз...

Біз де жаттығу орталықтарына мемлекет тәрпынан қолдау болса, нұр үстіне нұр болар еді. Әлгі айтылған шығынның 40–50%-ы өтелсе, кісіге үлкен көмек болмақ. Аткамінерлер осы жағына да көңіл бөліп, қолдау көрсеткені игі істің басы болар еді.

СПОРТТЫ СҮЙІҢІЗ!

Бұл – ертеңгі күннің саулығына салған капитал

Өмірге құштар жандарды көріп сүйсінеміз. Сонша қарбалас болса да, өзін ұмытпайды. Әрдайым денсаулығына көңіл бөледі. Ондай жігерлі жандар көпке үлгі.

Шаһарда әр нәрсені көзіміз шалады. Көбісі асығыс-үсігіс қозғалады. Жүйтікпен көліктер кейде дегбірінді қашырады. Кейде көшеде жүгіріп, таза ауада спортпен шұғылданатындарды көріп марқаясыз. Ештеңеге арызданбайды. Үстіне спорттың үлгідегі киімін, аяққа кроссовка киеді. Құлаққа құлаққап тағады. Әсем әуенмен бірге кешкі жүгіруге шығады. Көбіне Хамит Ерғали жағалауында жүгіретіндерді жиі байқаймыз. Жас та, жасамыс та сонда. Кейбіреулер өздерінің сүйіктісімен жүгіреді. Қандай тамаша! Кем дегенде 1-2 шақырымды артқа тастайды. Дене қызғаннан кейін керіліп-созылып, буын жаттығуларын жасайды. Сырттай қарағандарға сондай керемет көрінеді.

Бүгінгі таңда әр аулада кішігірім спорттық кешендер орнатылған. Рас, кейбірінің сапасы нашар. Тіпті, сынған, бүлінген болуы мүмкін. Оны жөндеу қажет. Бірақ соған қарамастан, турник, брусияға құмарлар жетерлік. Кеудеге, бұлшық етке нағыз таптырмас көмек. Ең негізгісі қанайналым жақсарды. Ойыңыз серпіледі. Физикалық қуатыңыз еселене түседі.

Бір сөзбен тұжырымдағанда, спортқа деген құштарлық керек. Мейлі ол садақ ату, акробатика, суда жүзу бола ма, бәрібір. Ол жағы маңызды емес. Бастысы, қайтпай, талмай, ерінбей спортқа ден қойсаңыз болғаны. Сонда сізден дені сау ұрпақ өрбиді. Отбасыңызды да спортқа апарыңыз. Бала-шағаны бейініне қарай ұнатқан үйірімізге қатынастырыңыз. Бұл – ертеңгі күннің саулығына салған капитал.

P.S.:

Қай ғұламаны алсаңыз да, екі нәрсені шегелеп айтады. Ол – тамақтану мен қимыл-қозғалыс. Біз мән бермегенмен уақыт өз дегенін істейді. Қарттық дендегенде ауырып, емханадан шықпай жүргеннен гөрі, бұқаралық спортқа ден қойыңыз. Салауатты өмір салтын ұстану ертеңнен емес, бүгіннен бастау алсын.

Бетгі әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.





БРИФИНГ

ЖАҢА ТУҒАН БӨБЕК

неонаталды скринингтен өтеді

Елімізде жаңа туған сәбилер міндетті неонаталды скринингтен өткізіледі. Бұл қандай скрининг? Ол туралы Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс бас педиатр-неонатологы Елена Плужникова айтып берді.



Маманның түсіндіруінше, неонаталды скрининг – бұл жаңа туған балаларда тұқым қуалайтын аурулардың болу-болмауын анықтау, сондай-ақ, сәбиді одан әрі диагностикалау және емдеу үшін тексеру. Демек, неонаталды скрининг ана құрсағынан енді шыққан бөбектің кейін мүгедек болуына әкелуі мүмкін кеселдердің ауыр түрлерінің дамуына жол бермейді. Сонымен қатар, ол – жалпы туа біткен және тұқым қуалайтын ауруларды анықтаудың тиімді әдістерінің бірі.

«Қазақстанда екі ауруды анықтауға неонаталды скринингтің мемлекеттік бағдарламасы енгізілген: фенилкетонурия (ФКУ) және туа біткен сиптиреоз (ТБГ). ФКУ – бұл ағзаға тағамдық ақуызбен енетін амин қышқылы – фенилаланин алмасуының туа біткен генетикалық анықталған бұзылуы. ТБГ – бала өмірге келген күннен бастап білінеді, ол қалқаниа безі қызметінің толық немесе ішінара бұзылуынан болатын ауру. ФКУ немесе ТБГ-дің ерте анықталуының және уақытылы ем тағайындалуының нәтижесінде дәрігерлер сәбидің дамуы үшін қолайлы болжамдар жасайды. Алайда, емделмесе, кейін емге көнбейтін ақыл-ой кемістігіне ұшырайды», – деп атап өтті Елена Плужникова.

Маман сөзіне сүйенсек, аталған скринингтен барлық бала жарық дүниеге келген алғашқы 2-3 күнінде (өмір есігін ашқан 25–72 сағатта) өтеді. Ал шала туған нәрестеге неонаталды скрининг 7–14 күнінде жүргізіледі.

Неонаталды скрининг жүргізуді неонатолог-дәрігер тағайындайды. Сосын зерттеу перзентханада алынады, яғни арнайы оқытылған мейірбике жаңа туған шарананың өкшесінен қанның құрғақ дақтарын алады. Егер сәбиге перзентханада неонаталды скрининг жүргізілмесе, онда қанның құрғақ дақтарын алу жаңа туған нәресте-



лер стационарында немесе тұрғылықты жері бойынша алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарында патронаждық қарап-тексеру кезінде жүргізіледі. Қандай да бір ауытқулар анықталған жағдайда, дәрігерлер жедел нәрестенің отбасына хабарласады және қосымша тексеруге шақырады.

Жаңа туған нәрестенің өкшесінен қан алу тек қана таңертең аш қарынға жасалады және тамақтану арасындағы интервал 2,5-3 сағатты құрауға тиіс. Бұл өлшенген маркерлердің концентрациясы дұрыс болуы үшін маңызды.

Сондай-ақ, есту қабілетінің бұзылуын дер кезінде анықтау мақсатында жаңа туған нәрестелерді аудиологиялық тексеру жүргізіледі. Ауыр жағдайда туылған балаларды қоспағанда, барлық бала осы скринингтен өтеді, бірақ сауығып кеткеннен кейін бұл скрининг бәрібір жүргізіледі.

Сонымен қатар, перзентханаларда шала туған нәрестелер үшін ретинопатия (көздің тор қабығының дамымауы) скринингі жүргізіледі. Егер бала мерзімінен бұрын туса, онда көздің тор қабығы дамып үлгермейді. Ол біртіндеп қалыптасады, бірақ жатыр ішінде дамығанда қарағанда, агрессивті жағдайларда қалыптасатын болады.

Елена Плужникованың айтуынша, 2022 жылы Алматыда 50 мыңға жуық нәресте дүниеге келген. Өткен жылы шала туған нәрестелер арасында ретинопатияның 400-ге жуық жағдайы анықталды, олардың барлығына хирургиялық түзету жүргізілмеген, тек 80% жуығына ғана ота жасалған.

Скринингтің арқасында өткен жылы есту қабілеті бұзылған 44 жаңа туған нәресте анықталды.

ОЗЫҚ МЕДИЦИНА

Ревматикалық ауруларды емдеу үшін Қазақстанда гендік-инженерлік терапия қолданылады. Дәлірек айтсақ, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтында иммуноблотинг әдісімен иммуноинфламациялық ревматикалық ауруларды диагностикалау және гендік-инженерлік биопрепараттармен емдеу жүргізіледі.

Иммуносупрессивті ревматикалық аурулардың даму механизмі өте күрделі. Сондықтан оларды емдеуде негізгі терапия өз ағзасының аутоагрессиясын – метотрексат, глюкокортикоидтар, гидроксихлорохин және басқа синтетикалық ауруды басу үшін – жақсы әсер ететін және ремиссияға әкелетін және өзгертетін дәрілер қолданылады.

Бірақ терапияның стандартты схемасы тиісті әсер етпесе, инновациялық емдеу әдістері-гендік-инженерлік биологиялық терапия қолданылады. Оның әрекет ету қағидаты ағзалар мен тіндерге зиянды әсер ететін негізгі цитокиндерге нүктелік әсер ету болып табылады.

Ревматикалық ауруларды диагностикалау мүмкіндігі бар



Мұндай емдеуді қосу ремиссияға қол жеткізуге ғана емес, сонымен қатар гормондардың, стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың, цитостатиктердің жағымсыз әсерін азайтуға мүмкіндік береді. Гендік-инженерлік биологиялық терапияны ревматолог Қазақстанның клиникалық ұсынымдарына (хаттамаларына) сәйкес көрсетілімдер бойынша қатаң түрде тағайындайды.

Пациенттер гендік-инженерлік биологиялық препараттардың бір бөлігін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі немесе міндетті әлеуметтік медициналық

сақтандыру шеңберінде тегін алады. Кардиология және ішкі аурулар ФЗИ-да республиканың түкпір-түкпірінен иммунокабыну ревматикалық аурулары бар пациенттер емделуде. Қазіргі уақытта клиникада иммунологиялық диагностика – иммуноблотинг әдіспен иммуноинфламациялық ревматикалық ауруларды диагностикалау мүмкіндігі бар.

«Сонымен қатар, анкилозды спондилитпен, псориазды спондилоартритпен ауыратын пациенттер ревматологиялық бейін бойынша емдеу барысында ісік некрозы факторының ингибиторлары тобынан альфа-адалимумаб препаратын ала алады», – дейді институттың жетекші консультанты, профессор, жоғары санатты ревматолог-дәрігер, ҚР ревматологтар сараптамалық кеңесінің мүшесі Ольга Машкунова.

Жүйелік иммундық-кабыну ревматикалық аурулары қазіргі уақытта толық емделмейтінін, бірақ гендік-инженерлік биологиялық препараттарды қолданумен заманауи инновациялық емдеу ауруды бақылауға, ремиссияға қол жеткізуге, өмір сүру сапасы мен ұзақтығын арттыруға мүмкіндік беретінін атап өтті профессор.

МАМАН КЕҢЕСІ

Жанымызда жүрген жақынымыздың инсульт алып қалуы мүмкін екенін қалай тануға болады және мұндай жағдайда қалай жедел әрекет ету керек? Бұл туралы Алматы қаласының невропатолог-дәрігері айтып берді.

№16 қалалық емхананың невропатологы Венера Ахметова аурудың дамуының екі негізгі механизмі бар екенін айтты.

«Ишемиялық инсульт. Бұл кезде артерия тромб деп аталатын қан ұйығышымен бітеліп қалады. Егер тамыр қабырғасында пайда болған қан ұйығышы шығып кетсе, қан ағымымен ол миға енуі мүмкін. Қан ұйығышымен бітелген тамырды сіңірген ми аймағында ишемиялық инсульт дамиды. Екінші түрі – мидағы артерия жарылған кезде геморагия-



лық инсульт. Бұл жағдайда оның айналасында қан кету ошағы пайда болады», – дейді маман.

Венера Ахметованың айтуынша, инсульт әдетте кенеттен дамиды. Бірақ кейде инсульт белгілері бірнеше сағат немесе күн ішінде жоғарылауы мүмкін. Егер сіздің жақын адамыңыздың сөйлеуінде, қимыл-қозғалысында өз-

герістер байқалса, мас секілді аяғын шатқаяқтап басып, қолдарымен де ыңғайсыз қимылдар жасай бастаса, онда инсульт болғаны.

«Егер ол адамда инсульт бар деп күдіктенсеңіз, одан күлімсіреуін сұраңыз. Әдетте күлімсіреу симметриялы болуы керек. Тілді шығару – ол ауыздың ортасында болуы керек. Қолдарын алдыға созу – олар бірден төмен түсіп кетпеуі керек. Алақанын қолымен қысу – күш екі жағынан бірдей болуы қажет. Сізбен сөйлесу сәтінде сұхбаттасушының сөйлеу мәнерін бағалай аласыз. Осы аталған әрекеттердің бірінде болған өзгеше әрекеттің өзі инсульт бар екенін көрсетеді. Мұндай жағдайда дереу жедел медициналық жәрдем қызметіне шұғыл қоңырау шалу қажет», – дейді дәрігер.

Сарапшы-маман инсульт кезінде тез әрекет ету соншалықты маңызды екенін атап өтті.

АЛҚА ОТЫРЫСЫ

Ажар ГИНИЯТ,
ҚР Денсаулық сақтау министрі:

Аурудан болатын өлім-жітім азайды

Министрлік Алқасының кеңейтілген отырысында ведомство басшысы А.Гиният Мемлекет басшысының халыққа медициналық көмек көрсетудің тиімділігін арттыру жөніндегі тапсырмаларын іске асыру туралы баяндама жасап, алдағы кезеңге сала алдында тұрған міндеттерді белгіледі.

ДЕМОГРАФИЯ. А.Гиният еліміздің денсаулық сақтау саласының негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштерінің оң динамикасын атап өтті. Мәселен, 2022 жылдың он айында халықтың жалпы өлімі-жітімі 2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда, 29,3%-ға төмендеген.

«Бұл ретте қанайналым жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім көрсеткіштерінің шамамен 32,2%-ға, обырдан болатын өлім-жітім – 9%-ға, тыныс алу ағзаларының ауруларынан болатын өлім-жітім – 1,8 есе, ал туберкулезден болатын өлім-жітім 12,5%-ға төмендегені байқалады. Ана өлім-жітімінің 3,2 еседен астам елеулі төмендеуі байқалады», – деді министр.

Сондай-ақ, нәресте өлімінің көрсеткіші 2021 жылғы 3020 жағдайдан өткен жылы 2684 жағдайға дейін азайған.

КАДР. Министрдің айтуынша, дәрігерлердің қажеттілігін қамтамасыз ету үшін, оның ішінде аса тапшы мамандықтар бойынша 2022 жылы республикалық бюджет есебінен 4700 білім беру гранты, оның ішінде 1500 резидентура гранты бөлінді. Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру шеңберінде биыл республикалық бюджет есебінен резидентура гранттарының санын 70%-ға ұлғайту және оларды 2,5 мыңға дейін жеткізу жоспарлануда. Осылайша 2022 жылдың қорытындысы бойынша ауылдағы дәрігерлерге деген қажеттілік 12%-ға төмендеді, 20 мыңнан астам дәрігер мен 31 мың орта медицина қызметкерінің біліктілігін арттыру жүргізілді.

МӘМС. Министр міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің ролін де атап өтті, оның есебінен 2022 жылы медициналық көмекті қаржыландыруға қосымша 900 млрд теңгеден астам қаражат алынды. Олар бұрын қаржыландыру тапшылығын бастан өткерген бағыттарды дамытуға бағытталды, сондықтан профилактикалық тексерулерді қаржыландыру көлемі 2 есеге, медициналық консультациялық-диагностикалық қызметтер мен оңалту 1,5 есеге, стационарлық көмек 1,2 есеге, жоғары технологиялық медициналық көмек 2,2 есеге ұлғайды.

Министр 2022 жылғы 1 қаңтарда МӘМС жүйесіндегі сақтандырылған адамдардың саны 15,5 млн адамды немесе ел халқының 81,3% -ын құрағанын хабарлады. Өткен жылдың ішінде МӘМС жүйесіне 700 мыңнан астам адам тартылды және сақтандырылғандар саны 16,2 млн немесе ел халқының 83,2%-ын құрады.

ПРЕПАРАТ. Алқа мәжілісінен кейін министр БАҚ өкілдерінің сауалдарына жауап берді. «Солтүстік өңірлерде парацетамол тапшылығына шағымданушылар көп. Неліктен мұндай тапшылық болып жатыр?», – деп сұрады журналист министрден. Ал А.Гиният бұл мәліметті теріске шығарды.

«Бүгінгі таңда парацетамол дәрісінің тапшылығы жоқ. Қазірдің өзінде бүкіл еске дәріханалардың өзінен тиісті комитет арқылы мөлшерін сұрап, біліп отырмыз. Парацетамолдың өзінің мөлшері немесе парацетамол қосылған әртүрлі дәрілердің түрлері біздің елімізде жеткілікті», – деді Денсаулық сақтау министрі.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



САУАЛНАМА

СЫРҒАНАУҒА БАРДЫҢЫЗ БА?

Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Қаламызда қыстың қызықты күндері бастау алды. Еліміздің әр аумағында қалың қар жауып, жолдар жабылды. Ауыл-аймақтан келетін ағайындар мен студенттер жолда қиындыққа ұшырап, межелі жерге жете алмай қалды. Дегенмен, қардың қалың жауғаны үйдегі бала-шағаға жақсы болды. Ауылда болғанымызда шанамен ғана ойнайтын едік. Дегенмен, қаланың балаларына қыстың қызығына бату аса қиындық тудыра қоймайтыны рас.

Ақшаңыз болса шаңғы да, коньки де табылады, төбешіктен сырғанай да аласыз. Әлеуметтік желілердің бірінен алдыңғы аптада «Шымбұлаққа» сырғанауға құлшыныс танытқандардың есепсіз кезегін көрген едік. Бұл дегеніміз, шаңғы тебушілердің саны көбейгенін білдіреді. Бүгінде қаламызда осы спорт түрімен айналысатындарға қолайлы жағдайдың барлығы жасалған. Сырғанауға арналған бірнеше аймақтар әзірлеген. Тіпті, сол аймақта үйретуші мамандардың да көмегіне жүгінуге болады. Осы ретте сырғанауға баратын алматылықтар арасында сауалнама жүргізіп көрген едік. Көпшілігі 4 сағаттық тарифті таңдайтын болып шықты. Өйткені, баға қолайлы, 4 сағат уақыт шаңғы тебуге еркін жетеді. Одан кейін көпшілік түнгі уақытты таңдайды екен. Өйткені, түнде адам аз. Қалағаныңша шаңғы, сноубордты тебе аласың. Демалыс күндері де баратындар көп. Алматылықтар «егер шаңғыны тұрақты тебетін болсаңыз, арнайы киім сатып алған дұрыс» дейді. Егер сатып алуға қаражатыңыз болмаса немесе жиі шаңғы теппейтін болсаңыз, жалға алған дұрыс. Біздің сауалымызға жауап бергендердің көпшілігі оны спорттық дүкендерінен алады екен.

Шымбұлақ баурайлары халықаралық стандарттарға сәйкес қиындық деңгейіне байланысты 4 түрлі түспен белгіленген:

- Жасыл: енді үйрене бастағандарға арналған;
- Көк: оңай баурайлар;
- Қызыл: қиын баурайлар;
- Қара: өте қиын баурайлар.

Әдетте орта есеппен екі сағаттық сабақтан кейін жаңадан бастағандар өздігінен жасыл баурайдан еркін түсіп жатады. Кейбіреулері тіпті кішігірім бұрылыстар жасап үйренеді. Одан да биікке, мысалы, қызыл баурайға көтерілуді мақсат еткендерге бір маусым қажет. Аптасына бір рет келіп, жаттығып жүрсеңіз, жәй сырғанап қана қоймай, прогреске ұмтыласыз, онда қыстың соңында сіз қызыл баурайдан сенімді сырғанайтын боласыз.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Тогжан ӘБДЕШ,
қала тұрғыны:

– Мен өмірімде бірінші рет сноуборд тептім. Ерекше әсер алдым, дегенмен ең бірінші сырғанауға бара жатқандарға айтарым, шаңғыдан бастаған дұрыс екен. Сондай-ақ, қысқы спорт түрімен айналысуды жоспарлап жүргендерге Шымбұлаққа емес, Ойқарағайдан бастауға кеңес беремін. Себебі, жаңадан сырғанауды үйренгендерге қолайлы аймақ екендігіне көзім жетті. Достарымызбен жиналып, 2023 жылды спортпен айналысудан бастайық деген ниетпен бардық. Маған барлығы қатты ұнады. Көп тәжірибе жинадым. Басында сноуборд тұрмақ, аяғымды байлай алмадым. Жанымызда ер достарымыз болған соң көмектесіп, барлық жағдайымызды жасады. Кейін үйреніп, бабын табады екенсің. Қорқынышымды ақырындап жеңіп, өзімді жеңіл, бос сезіндім. Қуантатыны, қазақтар өте көп болды және көмектерін аямайды. Өздері бірінші рет келіп тұрса да, білетін кеңестерін айтып жатты. Қатты ұнағаны – барлық жағдайдың жасалғаны. Бәрі таза, жаңа, заманауи стандарттарға сай етіліп жасалған.

Кәмила БЕКМОЛДА,
қала тұрғыны:

– Мен қысқы спорт түрімен айналысқанды жақсы көремін. Қыс мезгілінде кемінде 3-4 рет баруға тырысамын. Ең бірінші рет маманның көмегіне жүгінгендіктен, ешқандай қиындыққа ұшырамадым. Ең бірінші шаңғы теуіп үйрендім, 1-2 жылдай қызықтап жүріп, сноуборд тебуге бел байладым. Екеуінің бір-бірінен ешқандай да айырмашылығы жоқ секілді көрінуі мүмкін. Дегенмен, тәжірибелі болған мен үшін де бастапқыда қиындық тудырды. Сол кезде түсінгенім, сноуборд бәріне бірдей жағатын спорт түрі емес. Балаларға шаңғы тепкен дұрыс деп айтар едім. Себебі, шаңғы тебу қауіпсіз. Омыртқа мәселесі бар ересектерге де осындай кеңес берер едім. Егер жарақатыңыз болса, тәуекелге бармаған жөн. Сноубордшылар жаттығу кезінде, сырғанағанда жиі құлайды. Биіктен құлау денсаулығында онсыз да ақауы барларға қиындық тудыруы мүмкін. Қысқы спорт түрімен айналыспас бұрын адамдарға айтарым, денсаулығыңызға да аса мән берген жөн. Себебі, оқиғалар күтпеген мезетте болып қалуы мүмкін.

Алмас САБЫРБЕК,
студент:

– Арайлы Алатаудың бөктерінде тұрып жатқандықтан, шаңғы, сноуборд, коньки теппеген адам жоқ шығар. Қазіргі уақытта қала тұрғындары үшін қолайлы жағдайдың барлығы жасалған. Баға да қолжетімді. Дегенмен, қажетті киім мен құрал-жабдықтардың бағасы қымбат түсуі мүмкін. Мен ең бірінші сырғанауға «Шымбұлаққа» достарыммен бірге келдім. Бәріміз бірінші рет тепкендіктен көңілді, қызықты болды күніміз. Алайда, достарымыздың ішінде денсаулығына зиян келтіріп алғандары да болды. Сол себептен, ең бірінші қауіпсіздікті естен шығармаған абзал. Қаламыздың ауа райы адамға жайлы болғаны соншалықты, тау бөктерінде қар жатқанымен, күн сәулесін шашып тұрды. Сырғанаушылардың арасында түнгі уақытта келетіндері де баршылық. Ол кезде таудағы көріністі сөзбен айтып жеткізу мүмкін болмайды. Болашақта осындай демалыс орындары көбейіп, жастарымыз салауатты өмір салтпен айналысса деген ниетім бар.

Әсет АҚДӘУЛЕТ,
қала тұрғыны:

– Бала кезімізде ауылда коньки, шаңғы тебу біз үшін арман болатын. Оларды тек телевизордан тамашалайтын едік. Енді міне, әсем қала Алматыға оқуға келіп, өз аяғымызбен тұра бастадық. Өзіміз қалаған дүниемізбен айналыса бастадық. Ең бірінші сырғанауға жұмыстағы жолдастарымызбен келдім. Бастапқыда қиын болғанымен, айналасы 1 сағаттың ішінде үйреніп алдым. Қалған 3 сағаттай емін-еркін тебе бастадым. Осылайша бұл спорт түрі жаным жақын екендігін ұғындым. Ауыл-аймақта жас балаларға осындай мүмкіндіктер ойластырылса. Сонда, қысқы ойындарға қызығушылық танытатындардың саны көбейер еді деген сенімдемін.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«Қоштасқым келмейді...»

Өтетін орны: М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры.

Спектакль авторы: Сәбит Мұқанов.

Қоюшы-режиссері: Әубәкір Рахимов.

Ұзақтығы: 2 сағат.

Жас санаты: 14+.

Күні мен уақыты: 15 қаңтар, 18.30.



«Қазақстан халқына сүйіспеншілікпен – бүкіл әлем ғажайып бояуда» көрмесі

Өтетін орны: Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі.

Күні мен уақыты: Көрмені ақпан айының 8-іне дейін тамашалай аласыздар! Жас санаты: 3+.



«Кристалды іздеу» цирк шоуы

Өтетін орны: Алматы циркі.

Өтетін күні: 14-15 қаңтар, 12.00–16.00.





ЕРЛІККЕ ТАҒЫМ

БЕГЕЛДИНОВ БИІГІ

Кеңес Одағының Батыры атағын екі мәрте алған жалғыз қазақтың есімі Алматы әуежайына берілсе...



Алдымыздағы жазда мың жасаған ару Алматының ұнпарағына айналған «Almaty aqshamy» газетінің жарық көргеніне 35 жыл толады екен. Алматымен біте қайнасып келе жатқан газетіміз қаланың тыныс-тіршілігін түгел қамтып отырады. Метрополистің мәртебесін көтеруде үлкен еңбек сіңірген ерекше адамдарымен бірге, тау-тасын да, жасыл желегін, өзгеше нысандарын да назардан тыс қалдырмайды. Осы орайда «Almaty Aqparat» медиахолдингінің Шығармашылық даму жөніндегі кеңесі мен ұжымы биылғы бәрімізге ортақ газет мерейтойы аясында халқымыздың Батыр перзентін ұлықтау жөнінде тағылымдық шаралар ұйымдастыруды ұсынады.

Аңыз адамға айналған авиация генерал-майоры Талғат Бегелдиновтің былтыр 100 жылдығы атап өтілді. Өкінішке қарай, жоғары деңгейде атап өттік деп ауыз толтырып айта алмаймыз. Ал бүкіл саналы ғұмыры көкпен, әуемен байланысты болған, сондай-ақ небәрі 19 жасында «Алтын жұлдыз» орденін және 22 жасында Кеңес Одағының Батыры атағын екі мәрте алған жалғыз қазақты аспанға көтере, ұлықтай алмай жүргеніміз ұят-ақ.

Талғат Бегелдинов Екінші дүниежүзілік соғыста әскери тапсырмамен әуеге «ИЛ-2» ұшағымен 305 рет көтерілген. Яғни 305 рет өліммен бетпе-бет келген қаһарман. Ұлы Отан соғысы кезінде әуеде бас-аяғы 500 сағаттай ұшып, жеке өзі жаудың 7 ұшағын атып түсірген. «Аспанда үрей дегенді білмеген» (жуырда осы аттас кітабы жарық көрді) батырымыздың ұшағын неміс фашистері «Қара өлім» деп атаған. Ал майданда әріптестері оны «Қазақтың қыраны» деп әспеттеген. Майдан командирі Иван Конев болса оны «Крикун» деп атаған. Себебі, Бегелдиновтің негізгі міндеті барлаушылық еді, оның радиостансасының қуатты болғаны соншалық, ол сөйлегенде басқа радиостанса тоқтап қалады екен.

Барлау жұмыстары әдетте тек түнде ғана жүргізілген. Ал 1945 жылдың сәуірінде Берлинге ең алғаш күндіз барлау жасаған біздің жүрек жұтқан Талғат Бегелдинов болатын.

Ол соғыстан кейін Азаматтық авиацияның дамуына үлес қосты. Ең үлкен еңбегі – өзіміздің Алматы әуежайын қайта салдыруға, ұшу-қону жолағын кеңейтуге атсалысты. Талғат Бегелдиновтің жетекшілігімен Астана, Атырау, Балқаш, Павлодар, Орал, Қызылорда, Қарағанды, Тараз сынды өңірлерде аэродромдар салынған. Батырдың азаматтық авиацияның дамуына қосқан осыншалықты үлесі ескеріліп, Халықаралық Алматы әуежайына батыр баһадүріміздің есімі берілсе дейміз. Сондай-ақ, әуежай алдында еңселі ескерткіші тұрса, әуежай мәртебесі де, Батырымыздың беделі де асқақтап тұрар ма еді!

Халықаралық Алматы әуежайы (Almaty International Airport) – Қазақстандағы ең үлкен әуежай. Әуежай арқылы Қазақстан бойынша жолаушылардың жартысы және жүктердің 68%-ы өтеді. 2008 жылдың қыркүйек айында ашылған сәулелі дабыл 3Б категориясындағы екінші ұшып-қону жолағы Орталық Азияда ең ұзын жолақ болып табылады. Алматы әуежайы күні кешегі пандемияға қарамай, 2020 жылы 3,6 миллион жолаушыға қызмет көрсетіп, жылды сәтті аяқтаған әуежайлардың қатарына енген.

Қазақтың көкті бағындырған қызы Хиуаз Доспанованың есімі Атырау әуежайына берілгенін білеміз. Пулеметші қызымыз Мәншүк Мәметованың да есімі Орал әуежайында тұр. Айтпақшы, ұшқыштардың есімін әуежайларға беру үрдісі шетелде де бар. Мәселен, Ыстамбұлдың (Түркия) әуежайы түріктің тұңғыш ұшқыш әйелі Сабиха Гөкченнің атымен аталады. Ал Саратов қаласында (Ресей) орналасқан халықаралық әуежай «Гагарин» деп аталады. Бұл атау Саратов облысы тұрғындары арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінде беріген екен.

Осы тұстағы тағы бір ойымыз, өзі өлшеусіз еңбек еткен Азаматтық авиация академиясына есімі берілсе қандай жарасымды болар еді! Қазақстандағы авиацияның барлық саласы бойынша мамандар даярлайтын жоғары оқу орны – Азаматтық авиация академиясында Талғат Бегелдиновтің ізі сайрап жатыр. Кезінде «осы академияда қазақтың балалары көп болсын, біздің жаужүрек бабалардың көкті бағындыратын ұрпағын жиі көргім келеді» деген де осы Батырымыз болатын. Бүгінгі күні бұл академияда инженер-механик, инженер-электрик, радиоинженер, авиация көлігіндегі экономика мен менеджмент, инженер-ұшқыш, борт-инженері, әуе қозғалысын басқару мамандықтары бойынша кадрлар даярлайды. Демек, көкке, биікке ұмтылған жастар көп деген сөз.

Тағы бір ұсынысымызды айтпай кетсек болмас. 28 гвардиялық-панфиловшылар атындағы саябақ қаланың қас жүрегінде орналасқан. Метрополистің ең алғашқы саябағы. Бүгінде саябақта Мәңгілік алауы бар «Даңқ» мемориалы орналасқан. Мемориал бір-бірін толықтыратын үш композициядан тұрады. Бірінші бөлігі – «Ант «горельефі. Қазақстанда Кеңес өкіметін орнатуға күшін салған жас күрескерлерге арналған. Триптихтың орталық бөлігіндегі «Ерлік» Мәскеуді қорғаған батыр панфиловшылардың бейнесін суреттейді. Оң жағында «Даңқ таратушылар» композициясы орналасқан. Ол – салтанатты да бейбіт өмір белгісі. Сондай-ақ, саябақта 28 жауынгердің есімдері тасқа қашалып жазылған бағаналар мен И.В.Панфилов, Бауыржан Момышұлы сынды Кеңес Одағы батырларының ескерткіштері бар.

Демек, дәл осы саябаққа да біздің Талғат Бегелдинов батырымыздың ескерткішін қою сұранып-ақ тұрғандай. Бұл саябаққа жастар жиі келеді. Кішкентай сәбилерін жетектеген ата-әжелер де, ата-аналар да осыннан табылады. Тіпті, некеге тұрып жатқан жастардың да осы орынға келіп, тағзым етуі дәстүрге айналып кеткен. Бізге осынау бейбіт өмірді сыйлаған тұлғалар ешқашан ұмтылмай, кейінгі ұрпақтың көз алдырында үнемі тұруға тиіс деп ойлаймыз. Өйткені, өткенді еске алмай, болашаққа бір адым жасау мүмкін емес.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

КИНО ӘЛЕМІ



Алматыда көркем фильм түсіріледі

Елімізде отандық киноөндіріс саласы дамып келеді. Жыл сайын дүниеге келіп жатқан туындылардың мазмұны да әртүрлі. Бірі тойды, екіншісі кәсіпті арқау етсе, тағы бірі қоғамдағы өзекті мәселелерді, ұлттың салт-дәстүрін бейнелейді.

Алматы қаласының әкімдігі мәлім еткендей, 9 қаңтардан бастап ақпан айының басына дейін Алматыда түрлі ашық жерлерде көркем фильм түсіріледі. Осыған орай, түсірілім кезінде түтін, пиротехникалық құралдарды қолдану, қатты шыққан дауыстар және басқа да көріністердің болуы әбден мүмкін. Кейде адамдар көп жиналатын түсірілімдер де болады.

Түсірілім тобы түсірілім басталардан бірнеше күн бұрын жақын маңдағы үйлердің тұрғындарын хабардар етуге, сондай-ақ ақпараттық белгілерді тікелей орындарда пайдалануға міндеттенді.

Осыған байланысты қала тұрғындары мен қонақтарынан түсірілім процесіне түсіністікпен қарауды сұраймыз.

Қазақша «Аватар»: абсолютті рекорд!



түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь»
Мультфильм
09.10 «Ессіз махаббат»
түрік телехикаясы
10.00 «Жетім жүрек 2»
үнді телехикаясы
12.00 «100% махаббат»
телехикаясы
12.35 «Көру керек!»
бағдарламасы
13.30 «Айтарым бар» Ток шоу
14.40 «Президент пәрмені»
бағдарламасы
14.50 «Практика» телесериал
17.10 «Бақыт құшағында»
17.40 «Кішкентай келін»
түрік телехикаясы
19.00 «Позднее раскание»
сериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Ессіз махаббат»
түрік телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2»
үнді телехикаясы
23.50 «Позднее раскание»
сериал
00.50 «Практика» телесериал



TALIMTV

- 07.00 Views
08.10 Жұмадағы жүздесу
09.00 Айтыс-файтс
09.30 Саморазвитие с
Маржан-коуч
09.55 Саулықтың сыры
10.10 «Ерте, ерте, ертеде...» –
Балалар уақыты
10.30 Денсаулық сыры
11.00 «Маңызды мәселе
(Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Қазақ спортының
классикасы
13.10 Саулықтың сыры
13.30 Жұмадағы жүздесу
14.10 Talim Speakers
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Сырласайық» (Архив) –
Қайталау
16.00 «Үлкен үй-6» – телехикая
17.00 Саулықтың сыры
17.10 Жұмадағы жүздесу
18.00 ТамашаLike
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» –
Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Автопортрет
19.35 Бақытты отбасы
20.00 «Маңызды мәселе
(Архив)» – Қайталау
21.00 «Үлкен үй-6» – телехикая
22.00 Балалық шаққа саяхат
22.30 Orkeni style
22.55 Views

СЕНБІ
21 ҚАҢТАР

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
7.00 Үздік әзілдер
8.00 Мультфильмдер
9.00 Мультфильмы
9.40 Детский киноклуб.
«Питомец Юрского
периода»
11.00 Жұлдызды такси.
Инжу Ануарбекқызы
11.30 Любимое кино.
«Человек-амфибия»
13.30 Тұсаукесер! Айтыс.
«Біржан-Сара ізімен»
15.00 Женский киноклуб.
«Семейное дело»
19.00 Әзіл әлемі.
«Алдараспан»
2018 жыл
21.30 Тұсаукесер!
Алматы ән қанатында
22.00 Мужское кино. «Узник»
0.00 Мужское кино.
«Контракт на убийство»
2.00 Обо всем без купюр
(повтор)
2.30 Алматинские истории
2.55 Алматинские каникулы
3.05 Алматы кеші
3.50 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 AQPAPAT
7.05 «VOICE OF TURAN»
Халықаралық қазақ
өндерінің фестивалі
8.20 «Зинһар»
9.05 «Көңіл толқыны»
10.00 «Жүректегі күз».
Телехикая.
12.00 «Ән мен әнші»
13.50 Дисней ұсынады.
«Батыл жүрек».
Мультфильм
(АҚШ, 2020 ж.)
15.15 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ»
(«Махаббат өндері».)
16.25 «Нартәуекел».
Зияткерлік-сауықтық
телевикторина
17.35 «ҚИЫР ҚЫСТАП, ШЕТ
ЖАЙЛАҒАН». Арнайы
жоба
18.00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ».
Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.30 «СЕНЕМІН МЕН». Роза
Рымбаеваның ән кеші
22.30 «БАУЫРЛАР».
Телехикая.
(с субтитрами)
23.30 «Жүзігім қайда? Немесе
«Гүлдер» операциясы».
Керемет фильм
(Қазақстан, 2020 ж.)
AQPAPAT
1.20 «Зинһар»
2.05 «Әйел әлемі»
2.30 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 Ұлықпан Жолдасовтың
«Өмір өзен» атты
концерті.
08.00 «Көмбе»
08.40 «Дағұп»
09.30 «Спорт әлемі»
10.00 Мегахит. «Точка
невозврата»
12.00 Мультфильм. «Клуб
Винкс. Тайна морской
бездны»
13.15 Мультсериал.
«Алиса и Льюис»
14.00 Телехикая марафоны.
«Келінжан»
17.00 «Маска»
19.00 Мейрамбек Бесбаевпен
«Covershow»
21.00 Ақпарат арнасы
«7 күн» сараптамалық
бағдарламасы
21.40 Деректі фильм. «Бұл
осылай болған еді...»

22.15 Мегахит. «Добро
пожаловать в капкан»
01.00 ҚР Өнұраны



31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тамаша live
08.00 «Күліп ALL»
09.00 Мультсериал
«Маша и медведь»
10.00 «Алдараспан»
12.30 КИНО. «Согдиана»
14.40 Анимационный фильм
«Ранго»
16.45 КИНО. Том Круз в
боевике «Миссия.
Невыполнима 2»
19.00 КИНО. Том Круз в
боевике «Миссия.
Невыполнима 2»
21.30 КИНО. Крис Эванс
в фантастическом
боевике «Первый
мститель. Другая война»
00.10 «Bizdin show»
01.10 What's up?
01.30 «31 әзіл»
02.30 Тамаша live
03.00 Әзіл студия
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын



ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
7.35 «ТОЙ ЗАКАЗ»
бағдарламасы
8.05 «П@УТИНА»
бағдарламасы
8.55 «ПРОУЮТ»
9.45 Наши любимые
комедии. «ЗОЛУШКА»
11.20 «БЕЛЫЙ ЧЕЛОВЕК».
Многосерийный фильм
К 80-ЛЕТИЮ
ПРОРЫВА БЛОКАДЫ
ЛЕНИНГРАДА.
«ЛАДОГА».
Многосерийный фильм
18.30 «АЙНА» бағдарламасы.
Тікелей эфир
19.00 ПРЕМЬЕРА СЕЗОНА!
«Х ФАКТОР». Девятый
сезон. Прямой эфир
20.50 Дмитрий Сова,
Александр Кобзарь,
Зоряна Марченко
в многосерийном
фильме «ПЛАТЬЕ ИЗ
МАРГАРИТОК»
23.00 «Х ФАКТОР». ИТОГИ
ГОЛОСОВАНИЯ. Прямой
эфир
23.30 «ПЛАТЬЕ ИЗ
МАРГАРИТОК».
Продолжение
0.50 Ночной кинотеатр.
«АНТИСНАЙПЕР»
2.20 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?».
Зимняя серия игр
3.15 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
4.00 «П@УТИНА»
бағдарламасы
До 4.40



7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Jaidarman
08.30 Т/п «Құтты қонақ»
09.00 Т/п «Гадалка»
09.30 Шоу «Ну-ка, все вместе»
11.00 Х/с «Алмазная корона»
15.00 Т/х «Жорға»
15.50 Скetchком «Q-елі»
16.50 К/ф «Махпейкер»
19.00 Нұрболат Абдуллиннің
«Вальс» атты концерті
21.00 Шоу «Маска»
23.50 Х/ф «Экипаж»
02.15 Jaidarman
03.00 Т/х «Япырай»
03.50 Т/п «Жеңіп көр»
05.20 Т/п «Қуырдақ»



КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «OZAT OTBACЫ»,
ток-шоу

07.50 «ИНЖУ», телехикая. С
субтитрами на русском
08.40 «КТКweb» (қайталау)
09.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
(повтор)
09.40 «ЮМОРИНА»,
шоу-программа
11.20 «ДВА БЕРЕГА
НАДЕЖДЫ», мелодрама
(повтор) (худ.сериал)
15.30 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек
телехикаясы
(худ.сериал)
17.10 «САШИНО ДЕЛО»,
остросюжетная
мелодрама (худ.сериал)
21.00 «ЗДРАВСТВУЙ, ПАПА!»,
мелодрама (худ.сериал)
00.40 «ТАЙНА ЛИЛИТ»,
детективная мелодрама
(худ.сериал) (повтор)
02.20 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек
телехикаясы (қайталау)
(худ.сериал)
03.45-
04.30 «OZAT OTBACЫ»,
ток-шоу (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

06.50 Өнұран
06.55 ХХХ ҚЫСҚЫ
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК
УНИВЕРСИАДА.
Шаңғымен тұғырдан
секіру. Ерлер. Тікелей
эфир
08.30 ФУТБОЛ. FIFA QA-
TAR 2022. Әлем
Чемпионаты.
Коста-Рика –
Германия
10.40 «QAZSPORT алаңы»
ТОК-ШОУЫ.
11.20 ХХХ ҚЫСҚЫ
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК
УНИВЕРСИАДА
КҮНДЕЛІГІ
11.30 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық
Лига. (Ерлер) 3 тур.
«Павлодар» –
«Атырау»
13.25 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасының
шолуы
14.25 ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА.
Әмин Тұяқов атындағы
турнир
17.35 «THE RING». 4
бағдарлама. (Тұрсынбай
Құлахмет)
17.55 ХОККЕЙ. ҚХЛ.
«Автомобилист» –
«Барыс».
Тікелей эфир
20.35 ХХХ ҚЫСҚЫ
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК
УНИВЕРСИАДА. Хоккей.
Ерлер. Жартылай
финал. №1. Тікелей
эфир
23.15 ХХХ ҚЫСҚЫ
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК
УНИВЕРСИАДА
КҮНДЕЛІГІ
23.25 «Сыр саңлағы».
Дәулет Ниязбеков.
Деректі фильм
23.55 ХХХ ҚЫСҚЫ
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК
УНИВЕРСИАДА. Хоккей.
Ерлер. Жартылай
финал. №2. Тікелей
эфир
02.35 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасының
журналы
03.00 ХХХ ҚЫСҚЫ
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК
УНИВЕРСИАДА. Шорт-
трек. Әйелдер/Ерлер.
1000 м.
Тікелей эфир
06.05 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық /
«Еркетай»
7.40 «Көңілді құндыз»
Мультхикая.
8.05 Анимация. Отандық /
«Күлкі іздеген Күнекей»

8.15 Анимация. Отандық /
«Кемпірқосақ»
8.30 Анимация. Отандық /
«Әсем әуен»
8.50 Анимация. Отандық /
«Сәби»
9.05 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
9.15 «Дарын мен Айзере»
ситком
9.30 Анимация. Отандық /
«Алан мен Қозықа»
10.00 Жаңа маусым!
Анимация. Отандық /
«Дүлдүл»
10.05 «Супер әке» Мультхикая.
10.35 Анимация. Отандық /
«Бөпе»
10.45 Анимация. Отандық /
«Су астындағы оқиға»
11.20 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
11.45 Анимация. Отандық /
«Экосарбаздар»
11.55 «Анаммен бірге/
әкеммен бірге» ойын-
сауықтық бағдарлама.
12.00 Анимация. Отандық /
«Тотықұстар»
12.15 Анимация. Отандық /
«Бала Бекзат»
12.35 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
12.50 «Винкстер клубы»
Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық /
«Күшік»
13.25 Анимация. Отандық /
«Күлкі іздеген Күнекей»
13.45 Анимация. Отандық /
«Суперкөлік Самұрық»
14.15 Анимация. Отандық /
«Кемпірқосақ»
14.30 Анимация. Отандық /
«Қалалар мен балалар»
14.40 «Күн сәулелі көжектер»
Мультхикая.
15.00 Анимация. Отандық /
«Қобыланды батыр»
15.15 Анимация. Отандық /
«Сәби»
15.30 «Көңілді құндыз»
Мультхикая.
15.55 «Супер әке» Мультхикая.
16.25 «А4» ситком.
16.55 Анимация. Отандық /
«Бөпе»
17.05 Жаңа маусым!
Анимация. Отандық /
«Дүлдүл»
17.10 Анимация. Отандық /
«Күшік»
17.20 Анимация. Отандық /
«Су астындағы оқиға»
17.50 «Дарын мен Айзере»
ситком.
18.05 «Анаммен бірге/
әкеммен бірге» ойын-
сауықтық бағдарлама.
18.15 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
18.30 Анимация. Отандық /
«Алан мен Қозықа»
19.00 Анимация. Отандық /
«Еркетай»
19.30 Тұсаукесер! «Этикет
әлемі» танымдық
бағдарлама
19.45 Анимация.
Отандық /
«Тотықұстар»
20.05 «А4» ситком.
20.35 Анимация.
Отандық /
«Тоқты мен серке»

20.45 Анимация. Отандық /
«Суперкөлік Самұрық»
21.15 Анимация. Отандық /
«Әсем әуен»
21.35 «Винкстер клубы»
Мультхикая.
22.00 Жаңа маусым!
«Әжемнің ертегісі»
кешкі ертегі.
22.15 Анимация. Отандық /
«Қалалар мен балалар»
22.30 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
22.55 «Теңбіл доп»
телехикая.
23.35 «Күн сәулелі көжектер»
Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANATV

06.00 «Әйел тағдыры 3»
түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь»
Мультфильм
09.10 «Ессіз махаббат»
түрік телехикаясы
10.00 «Жетім жүрек 2»
үнді телехикаясы
12.00 Шаншар
15.00 «Тік-Ток хаус»
телесериал
19.00 «Жұлдызбысың»
20.00 «SagarTimes» апталық-
сараптамалық
бағдарламасы
21.00 «Ессіз махаббат»
түрік телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2»
үнді телехикаясы
23.30 «Почти мачо»
Худ.фильм
01.00 «Көру керек!»
бағдарламасы



TALIMTV

07.00 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Емен-жарқын
09.00 Абайдың жолы
09.30 Менің анам,
менің әкем
09.55 Саулықтың сыры
10.10 Жүйріктер –
мультфильм
10.30 Денсаулық сыры
11.00 Ғибратты ғұмырлар
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ой-талқы
13.10 Саулықтың сыры
13.30 Айтыс Strike
14.10 Dara til
14.30 Саммари 100 кітап
14.50 Ұлт саулығы
15.00 Айтыс Strike
16.30 ТамашаLike Табиғат
17.00 Саулықтың сыры
17.10 Views
18.20 По душам
18.30 «Балалар сөзі –
өсиет» – Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Қазақы әңгіме
19.35 ТамашаLike
20.00 Жиырма бесінші сағат
21.00 Бір келіншек –
1–4-серия
22.55 Views



«Біржан-Сара ізімен». Айтыс
«Алматы» арнасы. Сағат 13.30-да.

ЖЕКСЕНБІ
22 ҚАҢТАР

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
7.00 Үздік әзілдер
8.00 Балалар кино клубы
9.00 Мультфильмы
9.40 Детский кино клуб.
«Приручить дракона»
11.00 Жұлдызды такси
(жаңа маусым)
11.20 Сәлем, Алматы! (Соңғы)
12.00 Болливудтан
махаббатпен!
«Сүйгенім бол»
15.00 Женский кино клуб.
«Я рядом»
19.00 Асхат Тарғынның
концерті.
20.30 Тұсаукесер! Айтыс.
«Біржан-Сара ізімен»
22.00 Мужское кино.
«Убийство Салазара»
0.00 Мужское кино.
«Убийство Салазара»
2.30 Бақытты отбасы
(қайталау)
3.00 Алматы тұнған тарих
3.25 Алматинские истории
3.50 Алматы кеші
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР ӨНҰРАНЫ

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 AQPAPAT
7.00 «Дәуір даналары».
Деректі фильм
7.50 «Күй-керуен»
8.20 «Ақсауыт»
8.45 Еркін Нұржановтың
концерті
10.00 «Жүректегі күз».
Телехикая.
12.00 Дисней ұсынады.
«Батыл жүрек».
Мультфильм
(АҚШ, 2020 ж.)
13.25 «Сенемін мен». Роза
Рымбаеваның ән кеші
15.25 Көркем фильм
17.25 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ»
18.00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ».
Телехикая.
20.00 «АРТА». Сараптамалық
бағдарлама. Тікелей
эфир
20.55 «НАРТӨУЕКЕЛ».
Зияткерлік-сауықтық
телевикторина
22.30 «БАУЫРЛАР».
Телехикая. (Түркия,
2021-2022 ж.)
(с субтитрами)
23.30 «Көңіл толқыны»
0.40 «Арта». Сараптамалық
бағдарлама
1.30 «Ақсауыт»
1.50 «Күй-керуен»
2.20 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 Нұрлан Өнербаевтың
«Жүректегі көктем»
атты концерті.
07.45 «Әке бақыты»
08.45 «Балақай»
09.30 «Спорт time»
10.00 Мегахит. «Добро
пожаловать в капкан»
12.00 Мультфильм. «Побег с
планеты Земля»
13.30 Мультсериал.
«Алиса и Льюис»
14.00 Телехикая марафоны.
«Келінжан»
17.30 «Маска»
19.30 Тұрсынбек Қабатовтың
«Jur-jubuten» шоуы
21.00 Информационный
канал – аналитическая
программа «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских
расследований»
22.15 Мегахит.
«Тактическая сила»
00.00 «Культурный контекст»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 What's up?
08.00 Тамаша live
09.00 «TeleBingo» прямой
эфир
09.30 КИНО. «Согдиана»
(повтор)
11.40 Мультсериал
«Маша и медведь»
12.40 Анимационный фильм
«Ранго» (повтор)
14.45 КИНО. Том Круз в
боевике «Миссия.
Невыполнима 2»
(повтор)
17.15 КИНО. Крис Эванс
в фантастическом
боевике «Первый
мститель. Другая
война» (повтор)
20.00 «Миллионер каждую
неделю». Тікелей эфир
20.05 КИНО. Дольф
Лундгрэн в боевике
«Работорговля»
22.00 «Алдараспан»
23.50 What's up?
01.00 «31 әзіл»
02.00 Тамаша live
03.00 Әзіл студия
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
8.00 «П@УТИНА»
бағдарламасы
8.45 «ВОСКРЕСНЫЕ
БЕСЕДЫ»
8.55 К 80-ЛЕТИЮ
ПРОРЫВА БЛОКАДЫ
ЛЕНИНГРАДА. «ЛАДОГА.
НИТИ ЖИЗНИ»
9.50 Игорь Лифанов, Анна
Большова в фильме
«ЕГЕРЬ»
11.40 «ПЛАТЬЕ ИЗ
МАРГАРИТОК».
Многосерийный фильм
15.00 «Х ФАКТОР». Девятый
сезон
17.15 К 80-ЛЕТИЮ
ПРОРЫВА БЛОКАДЫ
ЛЕНИНГРАДА. Фильм
«КРИК ТИШИНЫ»
19.00 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР,
КАЗАХСТАН!»
20.00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21.00 Екатерина Молоховская
в многосерийном
фильме «ЧУЖОЙ ГРЕХ»
0.30 «ПОЕМ НА КУХНЕ ВСЕЙ
СТРАНОЙ»
2.20 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
3.50 «П@УТИНА»
бағдарламасы
До 4.45

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.40 Нұрболат Абдуллиннің
«Вальс» атты концерті
08.30 Т/п «Алло, бұл кім?»
09.00 Т/п «Гадалка»
09.30 Т/п «Смеяться
разрешается»
12.30 Шоу «Маска»
15.00 Т/х «Жорға»
15.50 Т/х «Сержан братан»
17.10 Шаншар 60+60
21.00 Х/с «Свадебные
хлопоты»
00.30 Т/п «Алло, бұл кім?»
00.50 Шаншар 60+60
04.00 Т/п «Жеңіп көр»
05.30 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР»
08.10 «ОЗАТ ОТБАСЫ»,
ток-шоу

09.00 «ІНЖУ», телехикая. С
субтитрами на русском
10.00 «ЮМОРИНА», шоу-
программа
12.00 «ЗДРАВСТВУЙ, ПАПА!»,
мелодрама (повтор)
(худ. сериал)
15.30 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек
телехикаясы
(худ. сериал)
18.00 «ӘН МЕН ӘНШІ»
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с
Артуром Платоновым
«ДЖОХАН». Премьера
казахстанского кино!
23.40 «ТАЙНА ЛИЛИТ»,
детективная мелодрама
(худ. сериал) (повтор)
01.40 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек
телехикаясы (қайталау)
(худ. сериал)
03.15-
04.30 «ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР»
(қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

06.10 Өнұран
06.15 XXX ҚЫСҚЫ
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК
УНИВЕРСИАДА.
Шорт-трек. 3км/5км.
Эстафета. Тікелей
эфир
06.45 ФУТБОЛ. FIFA QA-
TAR 2022. Әлем
Чемпионатының барлық
голдары
(плей-офф)
07.25 XXX ҚЫСҚЫ
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК
УНИВЕРСИАДА. Хоккей.
Әйелдер. Финал.
Тікелей эфир
09.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық
лига. (Әйелдер) 3-тур.
«Тұран» – «Қуаныш СК».
Тікелей эфир
11.55 «THE RING».
5-бағдарлама.
(Бек Нұрмағанбет)
12.20 XXX ҚЫСҚЫ
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК
УНИВЕРСИАДА
КҮНДЕЛІГІ
12.30 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық
лига. (Әйелдер)
3-тур. «Қуаныш» –
«Қарағанды». Тікелей
эфир
14.30 «С VOLLEY К ПОБЕДЕ».
3 сезон. 3 выпуск.
(Мадина Бекет)
15.00 XXX ҚЫСҚЫ
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК
УНИВЕРСИАДА
КҮНДЕЛІГІ
15.10 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық
лига. (Әйелдер) 3-тур.
«Алматы» – «Жетісу».
Тікелей эфир
17.10 «Медеуден –
Олимпиада айдынына».
Мәдіғали Қарсыбеков.
Деректі фильм
17.40 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық
лига. (Әйелдер) 3-тур.
«Алтай» – «Ертіс».
Тікелей эфир
19.40 XXX ҚЫСҚЫ
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК
УНИВЕРСИАДА.
Конькимен жүгіру
спорты. 500 м
22.00 XXX ҚЫСҚЫ
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК
УНИВЕРСИАДА
КҮНДЕЛІГІ
22.10 XXX ҚЫСҚЫ
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК
УНИВЕРСИАДА. Хоккей.
Ерлер. Үшінші орын
үшін матч. Тікелей
эфир
00.50 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық /
«Еркетай»
7.40 «Көңілді құндыз»
Мультхикая.
8.05 Анимация. «Ертемір»

8.30 «Көңілді жексенбі»
отбасылық бағдарлама
8.50 Анимация. Отандық /
«Сәби»
9.05 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
9.15 «Дарын мен Айзере»
ситком
9.30 Анимация. Отандық /
«Алпамыс»
10.00 Жаңа маусым!
Анимация. Отандық /
«Дүлдүл»
10.05 «Супер әке» Мультхикая.
10.35 Анимация. Отандық /
«Бөпе»
10.45 Анимация. Отандық /
«Су астындағы оқиға»
11.20 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
11.45 Анимация. Отандық /
«Экосарбаздар»
11.55 «Анаммен бірге/
әкеммен бірге» ойын-
сауықтық бағдарлама.
12.00 Анимация. Отандық /
«Тотықұстар»
12.15 Анимация. Отандық /
«Бала Бекзат»
12.35 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
12.50 «Винкстер клубы»
Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық /
«Күшік»
13.25 Анимация. Отандық /
«Ертемір»
13.45 Анимация. Отандық /
«Суперкөлік Самұрық»
14.15 Анимация. Отандық /
«Глобус»
14.25 Анимация. Отандық /
«Ойыншықтар»
14.40 «Күн сәулелі көкектер»
Мультхикая.
15.00 Анимация. Отандық /
«Шахмат патшалығы»
15.15 Анимация. Отандық /
«Сәби»
15.30 «Көңілді құндыз»
Мультхикая.
15.55 «Супер әке» Мультхикая.
16.25 «Сынық сынып» ситком.
16.55 Анимация. Отандық /
«Бөпе»
17.05 Жаңа маусым!
Анимация. Отандық /
«Дүлдүл»
17.10 Анимация. Отандық /
«Күшік»
17.20 Анимация. Отандық /
«Су астындағы оқиға»
17.50 «Дарын мен Айзере»
ситком.
18.05 «Анаммен бірге/
әкеммен бірге» ойын-
сауықтық бағдарлама.
18.15 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
18.30 Анимация. Отандық /
«Алпамыс»
19.00 Анимация. Отандық /
«Еркетай»
19.30 Тұсаукесер! «Этикет
әлемі» танымдық
бағдарлама
19.45 Анимация. Отандық /
«Тотықұстар»
20.05 «Сынық сынып»
ситком.
20.35 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»

20.45 Анимация. Отандық /
«Суперкөлік Самұрық»
21.15 «Көңілді жексенбі»
отбасылық бағдарлама
21.35 «Винкстер клубы»
Мультхикая.
22.00 Жаңа маусым! «Әжемнің
ертегісі» кешкі ертегі.
22.15 Анимация. Отандық /
«Қалалар мен балалар»
22.30 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
22.55 «Теңбіл доп» телехикая.
23.35 «Күн сәулелі көкектер»
Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANATV

06.00 «Әйел тағдыры 3»
түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь»
Мультфильм
09.10 «Ессіз махаббат»
түрік телехикаясы
10.00 «Жетім жүрек 2»
үнді телехикаясы
12.00 «Алдараспан»
15.20 «Күлпаштың хикаялары»
телесериал
18.00 «Ганг, твои воды
замутились»
Худ. фильм
21.00 «Ессіз махаббат»
түрік телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2»
үнді телехикаясы
23.50 «Аташка на хайпе»
Худ. фильм
01.10 «Көру керек!»
бағдарламасы

TALIM TV TALIMTV

07.00 Views
08.10 Өнер қырандары
09.00 Айтыс.
Алтын қор
09.30 Саморазвитие с
Маржан-коуч
09.55 Саулықтың сыры
10.10 «Баланы бала
демеңіз» – Балалар
уақыты
10.30 Денсаулық сыры
11.00 Рухани байлық
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Қазақ спортының
классикасы
13.10 Саулықтың сыры
13.30 Автопортрет
14.10 Тәтті time
14.50 Ұлт саулығы
15.00 Рәкетир – 2-серия
15.40 ТамашаLike
17.00 Саулықтың сыры
17.10 Балалық шаққа саяхат
17.40 Бақытты отбасы
18.00 Қышқыл мысқыл
18.30 «Балалар сөзі – өсиет» –
Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Talim Speakers
19.35 Бір келіншек –
5–10-серия
22.30 Пруст сауалнамасы
22.55 Views



«Келінжан-4». 4-маусым. Телехикая.
«ХАБАР» арнасы. Сағат 14.00-де.



ХАЛАЛ ТАҒАМДАР

АСҚА АДАЛДЫҚ, БАСҚА АМАНДЫҚ...

Асыл дінімізде мұсылмандардың өміріне қажетті барлық сала түгел қамтылған. Алла және оның елшісі рұқсат еткен дүниелерді «халал», яғни адал дейміз. Халал сөзінің мағынасы өте ауқымды, әуелі халал ас-ауқатқа, күнделікті ішіп-жейтін тағамға қатысты.

Қазақ халқы астың адал болуына аса мән берген. «Ауру – астан» деп пайдасыз, зиянды тағамдарды шектеп отырған. Бабаларымыздан «басқа амандық, асқа адалдық берсін» деген сөз қалған. Бастың амандығы, астың адалдығы қашаннан мәнін жоймаған құндылық болса, бүгінгі таңда оның өзектілігі тіптен артуда. Алла Тағала Құранда былай дейді: «Әй, адамдар! Жер бетіндегі нәрселердің халал әрі тазасынан жеңдер! Және шайтанның ізіне ермендер! Өйткені, ол сендерге ашық дұшпан» («Бақара» сүресі, 168-аят).

Алла Тағала адамзатқа Алланың атымен бауыздалған төрт түлік мал, құс, кейбір жабайы аңдарды халал етті. Ал Алланың аты айтылмай бауыздалған мал, құс, сонымен қатар шошқа еті, қан, өлексе, т.б. харам етілді. Әлем жан-жақты дамыған қазіргі уақытта түрлі қоспаларға толы күнделікті тұтынып жатқан тағамдардың

құрамы қандай? Көп адамдар оған мән бермей пайдалануда. Әрбір мұсылман харамнан сақтануы міндетті. Хақ елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) астың адал болуы жайында мұсылмандарға былай жеткізеді: «Адалды іздеу – әрбір мұсылманның міндеті».

Құран Кәрімде Алла Тағала: «Уа, пайғамбарлар қауымы! Адал, таза һәм пайдалы ас-судан жеп-ішіндер, әр кез игі іс істендер», – деп бұйырған. («Мүминун» сүресі, 51-аят). «Мәфәтиху әл-ғайб» кітабында Фаһруддин ар-Рази: «Бұл аят пайғамбарларға қарата айтылғанымен, мүминдерге де тікелей қатысты. Аяттың құрылымына мұқият мән берер болсақ, игі іс істеу үшін алдымен жеген асыңның адалдығына мән беруің керек деген мағына шығады. Себебі, аятта «игі іс істендер» деген бұйрықтың алдында «адал, таза ризықты жеңдер» деген нұсқауы бар».



Шындығында, біз қандай ас жесек, рухымызға сол әсер етеді. Иманың әлсіреп, Құран санаға қонбай жатса, міне мән беру керек дүние асыңның халал болмағы. Бұл үйде ас дайындап жүрген әйелдерге де, сол азықты тауып келіп жүрген ер адамға да қатысты.

Ертеректе сахаба аналарымыз жолда-

сын жұмысқа шығарып саларда: «Бізге адал нәсібе әкеліңіз, Қияметте арам астың кесірінен өртеніп жүрмейік» дейтін болған. Қасиетті Құранда: «Алла құлдарына өте шарапатты. Қалағанына (қалағанынша) ризық береді. Ол – шексіз күш-қуат иесі, бәрінен үстем һәм құдіретті», – делінген.

САУАПТЫ ІС

Қажылыққа тең амалдар

Алла Тағала пендесінің кейбір сауапты амалдарының дәрежесін қажылықтың сауабымен теңестірген. Қажылық – бес парыздың бірі. Сондықтан әрбір мұсылман өмірінде бір мәрте қажылық парызын өтеуге міндетті. Дегенмен, дінімізде қажылықтың сауабымен тең түсетін амалдар да жоқ емес екен. Бұл амал қажылық парызын алмастыра алмаса да, сауабы ұшан-теңіз.

Таза ниет

Ең әуелі ниеттің тазалығы мұсылман адам үшін аса маңызды. Қиямет күні болғанда әрбір пенде өзінің амал дәптерін көреді, сонда арасынан қажылық, зекет, тіпті садақаның да сауабын көреді. «Бәлкім, бұл менің амал дәптерім емес шығар. Мен бұларды жасаған жоқ едім ғой», дейді екен пенде. Сонда Алла Тағала құлына: «Бұл сенің амал дәптерің», – дейді. Әлгі адам Жаратушыға: «Уа, Жаратушы Ием! Мен бұл амалдарды жасаған жоқпын», – дейді. Хақ Тағала болса: «Сенің бұл амалдарды жасамағаныңды білемін. Алайда, сенің ниетің: «Егер қаражатым болса, мешіт салар едім, мұқтаждарға жәрдемдесіп, қажылыққа баратын едім» деп тұратын. Ниет-ықыласың шынайы әрі тек Менің разылығымға қол жеткізу болғандықтан ниетіндегі амалдардың сауабы да жазылды», – дейді.

Мешітке дәретпен бару

Алла Елшісі: «Кімде-кім дәрет алып, жамағатпен намаз оқу үшін мешітке барса, ихрам киіп қажылық парызын өтегендей сауапқа ие болады. Ал егер Дұха намазын оқитын болса, кіші қажылықпен тең сауапқа кенеледі».

Нәпіл намаз оқу

Пайғамбарымыз: «Кімде-кім таң намазын мешітте жамағатпен оқып, күн шыққанша зікір етіп (Алланы еске алу), күн шыққаннан соң екі бас нәпіл намаз оқыса, үлкен қажылық пен умраның сауабындай сауапқа кенеледі», – деген.

Мешітте білім беру немесе білім алу

«Алла Елшісі: «Кімде-кім білім алу үшін не болмаса білім үйрету үшін мешітке баратын болса, қабыл болған қажылықтың сауабындай сауапқа ие болады», – деген.

Ата-ананың разылығы

Бірде пайғамбарымыздан бір сахаба: «Мен Алла жолында қызмет еткім келеді, не қызмет жасауға болады?», – деп сұрайды. Өз елші әлгі сахабадан: «Әке-шешен тірі ме?», – деп сұрағанда: «Анам бар», – деп жауап береді. Сонда Алла Елшісі: «Ендеше, анаңа құрмет көрсетіп қал. Анаңның разылығына қол жеткізудің жолдарын тап. Сонда қажылық пен умраның сауабындай сауапқа кенелесің», – деген екен.

МҮФТИЯТ




Үлкен қажылыққа 4 мың адам барады

2023 жылы елімізден 4 мың адам үлкен қажылыққа барады. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Жидда қаласында Сауд Арабиясы корольдігінің Қажылық және ұмра министрі Тауфик ибн Фаузан ар-Рабиамен кездесіп, тиісті құжатқа қол қойды.

Наурызбай қажы Тағанұлы қазақстандық қажыларға қолайлы жағдай жасау бойынша министрге өз ұсынысын жеткізді. Атап айтқанда, Қазақстан қажыларын жеткізетін әуе тасымалының қызмет құнын халыққа тиімді бағада бекіту, отандастарымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қонақүй бағасына барынша жеңілдік жасау, қызмет сапасын арттыру, төлем жасау жүйесін оңтайландыру, т.б. мәселелер талқыланды.

Қазақстан қажыларына қызмет көрсетуге лайықты деп танылған, яғни конкурстық негізде анықталған қажылық компаниялары ұлы сапардың ұйымдастыру-үйлестіру жұмыстарымен айналысады.

Бетті әзірлеген
Айнұр СЕНБАЕВА.





ЖАЛАҚЫ

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР ДЕ,
АЗАМАТТЫҚ ҚЫЗМЕТШІЛЕР ДЕ ҚУАНА БЕРСІН

Елімізде әлеуметтік қызметкерлердің жалақысын кезең-кезеңімен арттыру жалғасуда. Биылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы 38 мың қызметкердің жалақысы 25%-ға артты.



Бұл туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі хабарлады.

Жалақының өсуі қызметін стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (бұдан әрі – МӘМ), үйде қызмет көрсету, уақытша болу ұйымдарында және жұмыспен қамту орталықтарында жүзеге асыратын басшы құрам мен негізгі персоналдарға (әлеуметтік қызметкерлер, педагогтар, медицина қызметкерлері және т.б.) қатысты болды.

2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап әлеуметтік қызметкерлердің жалақысы 50%-ға, ал 2022 жылы 25%-ға өскенін естеріңізге сала кетейік.

Сондай-ақ, 2021 жылы лауазымдық жалақының 30%-дан 40%-ға дейінгі мөлшерінде қосымша өсуі арқылы әкімшілік және көмекші персонал, стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі МӘМ-де, үйде қызмет көрсету және уақытша болу ұйымдарында жұмыс істейтін жұмысшылар үшін жалақыны арттыру жүзеге асқан болатын.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында айтылған тапсырмасын орындау мақсатында биыл азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын орташа есеппен 20%-ға кезең-кезеңімен арттыру жалғастырылады.

Жалақыны көтеру бухгалтерлер, экономистер, заңгерлер, мұрағатшылар, кітапханашылар, мұражай-танушылар, орманшылар, техникалық персонал және тағы басқа мамандықтар бойынша жұмыс істейтін 600 мыңға жуық азаматтық қызметшіге әсер етеді.

Осылайша 2022–2025 жылдар аралығында азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысы 2 есеге ұлғаяды.



ШАҒЫН НЕСИЕ

ЖАСТАРҒА ЖЕҢІЛДІК

Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру мақсатында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба шеңберінде жастарға жеңілдікпен микрокредит берудің қағидасын бекітті.

Қағидаларда кәсіпкерлік қызметті бастағысы келетін немесе кәсіпкерлікпен айналысатын 21 жастан 35 жасқа дейінгі жастар үшін конкурстық негізде микрокредит беру көзделген.

Микрокредиттер «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы берілетін болады. Номиналды сыйақы мөлшерлемесі жылдық 2,5%-дан аспайды. Қарыздың ең жоғары сомасы 5 млн теңгеге дейін және ол үшін кепілдің болуы міндетті.

Микрокредиттерді кез келген мақсат үшін 5 жылға дейін, ал мал шаруашылығына 7 жылға дейінгі мерзімге алуға болады.

Сондай-ақ, негізгі берешек пен сыйақыны өтеу бойынша жеңілдік кезеңі көзделген, ол микро-



кредиттеу мерзімі ұзақтығының 1/3-нен (үштен бірінен) аспайды.

Микрокредит алуға өтінімдерді қабылдау уақыты және өтініш беретін кеңселердің мекенжайлары туралы ақпарат қосымша хабарланатын болады.

ПОЛИЦИЯ

ЖЕДЕЛДІК НӘТИЖЕСІ

Алматы полициясы арнайы зертханадан 100 келі синтетикалық есірткі тәркіледі

Зертхана Алатау ауданындағы жеке үйлердің бірінде орналасқан. 32 жастағы ер адам жұмыс істеген. Ол – «химик», орауыш және көтерме саудамен айналысатын адамның қызметтерін қоса атқарған.



«Жедел әдіспен алынған ақпарат мұқият тексерілді және расталды. Бірнеше ай бойы «өндіруші» зертхана жұмысын реттеп, онда синтетикалық мефедрон препаратын жасады. Белгілі болғандай, Б. есімді азамат жұмыс берушінің желідегі онлайн нұсқауларын орындаған. Куратор оған қажетті шикізаттың жеткізілуін қамтамасыз ете отырып, зертханалық жұмыстарды үйретті. Химик-есірткі сатушы қосалқы бөлмесі бар жеке үйді жалға алған: есірткі зертханасын қораға орналастырды, бас ғимаратта өзі тұрды. Күдікті қылмыстық ұсынысқа жомарт еңбекақының арқасында қызығушылық танытқанын айтады», – деді Алматы қалалық Полиция департаменті басшысының орынбасары Дидар Аханов.

«Тәркіленген шикізаттың жалпы салмағы 100 келіні құрады. Күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалды. Аталған дерек ҚР ҚК-нің 297-бабы 3-бөлігінде көзделген қылмыс белгілері бойынша сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізіліміне тіркелді. Бұған дейін ЕҚКҚБ қызметкерлері қылмыстық бизнестің сыбайластарының бірі 33 жастағы С. есімді азаматты ұстаған болатын. Оның көлігінен 85 бума мефедрон және марихуана табылып, тәркіленді. Анықталғандай, синтетикалық есірткіні күдіктінің өзі жасайды. Осы мақсатта ол Алматы облысы Тұздыбастау ауылында жеке тұрғын үйді жалға алған. Рұқсат етілген тінту кезінде жалға алынған тұрғын үйден зертханалық құрал-жабдықтар мен 15 келіден астам синтетикалық есірткі табылды және тәркіленді», – деді Д.Аханов.

Есірткі сатушы арнайы іс-шара барысында ұсталып, есірткі зертханасы жойылды. Тінту кезінде ол жерден прекурсорлар, шикізат, сатуға дайын синтетикалық есірткі және шыны ыдыстар түріндегі инвентарь, сұйықтықтары бар полиэтилен канистрлер, пробиркалар, бөтелкелер, таразылар мен электр пештері табылды.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА,
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ТӨЛЕМ

ЖҰМЫСТАН АЙЫРЫЛҒАН
ЖАҒДАЙДА...

Биылғы 1 қаңтардан бастап Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жұмысынан айырылған, еңбекке қабілеттілігінен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайлары бойынша әлеуметтік төлемдер мөлшері көбейді.



Сондай-ақ, бала күтімі бойынша төлемдер кезеңі де ұзартылды.

Жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді есептеу үшін қолданылатын табысты алмастыру коэффициенті 40%-дан 45%-ға дейін ұлғайтылды. 2023 жылы 117 мыңға жуық азаматқа жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем орта есеппен 13%-ға өсіп, арттырылған мөлшерде тағайындалады деп күтілуде.

Сондай-ақ, бала күтімі бойынша әлеуметтік төлемді жүзеге асыру ұзақтығы 1 жастан 1,5 жасқа

дейін ұзартылды. Биыл бұл төлем 500 мыңнан астам ата-анаға тағайындалуы жоспарлануда.

Бұдан бөлек, еңбекке қабілеттілігінен айырылған 78 мың адамға және асыраушысынан айырылған 55 мың отбасыға базалық мемлекеттік жәрдемақыларға қосымша тағайындалатын әлеуметтік төлемдердің мөлшері 8,5%-ға артты.

Осылайша жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыру жұмыс істемейтіндерге қарағанда жоғары болмақ.



БӘРЕКЕЛДІ!

Бас жүлде – біздікі



Қазақстандық жас әнші Ержан Максим Македония астанасы Скопье қаласында өткен WAF CONTEST халықаралық байқауының бас жүлдесін жеңіп алды.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Қазақ ұлттық өнер университеті мектебінің эстрадалық вокал бойынша 9-сынып оқушысы Ержан Максим сонымен қатар жыл сайынғы WAF AWARDS жүлдесіне ие болды.

Өнер университетінің мәліметінше, бұл екі жарысты Дүниежүзілік фестивальдер қауымдастығы өткізеді. WAF өткізген әртүрлі байқаулардың белсенді қатысушылары жыл қорытындысына сәйкес марапатталады. Марапаттар дарынды жастардың табыс-жетістіктерін дәріптеп, олардың шығармашылығын қолдауға және насихаттауға бағытталған.

Биыл WAF CONTEST байқауында Еуропа және Азияның 16 мемлекетінен, соның ішінде Қазақстаннан 32 қатысушы бақ сынады. Олардың арасынан Ержан Максим байқаудың Гран-При иегері атанды.

Байқауға Қазақстаннан Ержанмен бірге атыраулық Алтынай Төлеген де қатысып, ол WAF AWARDS жүлдесіне қоса 2-орынды еншіледі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2023 жылғы 30 қаңтар, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, кеңсе, 1 өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алкалар).

Лоттар саны – 366 дана.

Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қаласы, Төле би к-сі, 251 А, кеңсе, 1 немесе land@lmn.kz электрондық поштасы бойынша 2023 жылдың 26 қаңтар, сағат 18.00-ге дейін.

Сауда-саттықты өткізу әдісі – Голландтық.

Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге, 11 айға – 6605,50 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1 369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214,60 теңге, 11 айға – 17825,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814,60 теңге, 11 айға – 4845,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БOS ЖҰМЫC ОРЫНДАРЫН ҰCЫНАМЫЗ!



«Garden park inn» қо-нақүйіне:

- қызметші әйелдер;
 - қызметшілер супервайзері;
 - аула сыпырушы;
 - кір жуатын әйел керек.
- Тел.: 8 700 555 69 39.

«Maksat MeD» ЖШС-не:

- жалпы тәжірибелік дәрігер;
 - санитарлар;
 - мейірбике керек.
- Тел.: 8 707 328 23 98.

«Казлегпром» ЖШС-не:

- тігінші қажет.
- Тел.: 8 778 931 89 81.

«Республикалық отбасылық-дәрігерлік орталық» ЖШС-не:

- заңгер;
 - дәрігер-гастроэнтеролог;
 - ультрадыбыстық зерттеу жүргізетін дәрігер ассистенті;
 - мейірбике;
 - медициналық тіркеуші;
 - лаборант керек.
- Тел.: 8 747 285 58 36.

«КОМПАНИЯ ОБИС»

ЖШС-не:

- сауда өкілі;
 - аула тазалаушы;
 - ағаш ұстасы;
 - жүк тасушы;
 - қоймашы;
 - тазалықшы;
 - өндіріс операторы;
 - ораушы;
 - желідегі операторлар;
 - автослесарь керек.
- Тел.: 8 701 220 88 14.

Жұмсақ жиһаз фабрика-

сына:

- құрастырушы;
 - жақтауды жинаушы;
 - ДВП жинаушы;
 - поролонды жабыстырушы;
 - тазалықшы керек.
- Тел.: 8 747 016 41 99.

С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне:

- бас қаржы менеджері;
 - маркетинг;
 - бухгалтер;
 - құрылымдық бөлімшенің басшысы керек.
- Тел.: 8 (727) 338-70-58.

«АГМ-ТАБЫС» ЖШС-не:

- бухгалтер қажет.
- Тел.: 8 (727) 296-28-96, 8 702 134 80 91.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас редактордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Досбол АТАЖАН

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«ҮРКЕР» КӨККЕ ӨРЛЕП КЕЛЕДІ...

«Қыс шілдесі» амалы қарқын ала бастады


Қыстың ең қиын айы қаңтардың алғашқы аптасы тәмам. Қазекеннің: «Күн көзі қыраулы, қыс күнінде мәлім жоқ» дегені осы кез. Өткен аптада аязды күндер сәл сынып, күн жылына бастады. Қар еріді. Аз да болса шуақ байқалды. Біз сөз еткелі отырған аптада (12–18 қаңтар аралығында) ауа райы жылы қалпын өзгертіп, салқын ауа, аяз күшіне енетін сыңайлы. Бабалар болжамы бойынша, аптаның соңғы күндерінде қыс күшіне енеді. Сақылдаған сары аяз келіп, елдің «есін» шығаратын кез басталады. Арқада «ат құлағы көрінбейтін» боранды күндер осы уақытта көрініс береді.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

«САРЫ АЯЗ» КЕЛЕ ЖАТЫР

«Сары аяз» амалы қаңтардың 17-сінен бой көрсетеді. Бұл «Қыс шілдесі» амалының шарықтау шегі. Ешқандай да «Кре-щенские морозы» емес, қазақтың сақылдаған «Сары аязы». «Қыс шілдесі» амалына қарқын беретін нағыз дәуір құбылыс: қытымыр ызғар, қара суық, ұйтқыған боран... Әрине, мен бабалар айтып кеткен амалдың сипаты бойынша жазып отырмын. Бұл көріністің Алматыда болуы да, болмай айналып өтуі де ғажап емес. Бет қаратпайтын боран мен құлақ үсірген сары аяз еліміздің өзге аймақтарында қазірдің өзінде белең алып отыр. Қазақстанның бірқатар аймақтарында алдын ала ескерту жасалды.

Ары қарай «Тоқырауын» амалы келеді. Ол қаңтардың жиырмасында кіріп, жиыр-



ма бесінде шығады. Бұл күн «тоқтаған» кезге байланысты келетін амал.

Қазақ есепшілері күн мен түннің қысқаруы мен ұзаруын бақылап, «Шілдеде күн шіл адым қысқарады» (шілденің 22-сінен бастап), «Қаңтарда күн қарға адым ұзарады» (қаңтар айының 22-сінен бастап) деп есеп жасайтын болған. Күн мен түннің теңелуін, қысқаруын, ұзаруын дұрыс анықтау халықтың тұрмысы мен шаруасына айтарлықтай ықпал еткен.

Шығыстың, оның ішінде түркі және орта Азия халықтарының есебінде Барыс жылы әлі біткен жоқ. Ол өте сұсты, қайратты, табанды әрі өжет аң. Бұл ілгері басу жылы болды деуге болады. Елімізде бірқатар саяси оқиғалар орын алды: Президент сайлауы өтті, жаңа облыстар ашылып, кей аймақтың атауы өзгерді. Үкіметте де ауыс-түйіс орын алды. Қазақстанның болашағы үшін түрлі бағдарламалар қабылданып, халық іске бір кісідей ұйымшылдықпен

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Қыста...

- * ...торғайлар ұясына мамық таси бастаса, күн кенеттен қатты суытады.
- * ...қаздар қаңқылдаса, жылы болады, аяқтарын бауырына тығып жатып алса, күн суытады.
- * ...күн құлақтанып шықса, қатты аяз болады.
- * ...түйе ернін жыбырлатып, жылқы мезгіл-мезгіл оқыранса, көктем ерте басталады
- * «Қарды қылау өсіреді, баланы сылау өсіреді».

жұмылып отыр. Қаржы мәселесіне қатысты айтсақ, Барыс жылы едәуір тұрақты болды, үнемге, ақшаны беталды шашпауға бетбұрыс жасалды. Бір күннен кейін Сенат депутаттарын сайлау басталады. Халық өз таңдауын жасайды.

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, қаңтардың 12-сі. Ай жүйесіне қарасақ, қаңтардың 19-ы. Ал қазақы есепке сүйенсек, бір күннен кейін қаңтардың бірі (қазақша ай әр айдың 14-інен басталады). Демек, бұл апта айдың басы мен ортасына дөп келіп тұр. Айдың басы, ортасы және соңы өзгеріссіз болмасын бұрынғылар дәлелдеп айтып кеткен, өмір де көрсетіп жүр. Бұл ауа райының құбылатын, яғни бұзылатын сәті. Енді қыс күшіне мінеді...

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

АҚ, ҚАР, КӨК МҰЗДА...



Ауа райын болжайтын мамандардың пікірінше, алдағы күндері қалың қар жауады. Көктайғақ болады. Мұндайда, әрине, адамдардың қауіпсіздігі маңызды.

«Жұмыстан қалатын болдық қой...»

Қазір түстен кейін оқитын төменгі сынып оқушыларын мұғалімдері ерте қайтарып жүр. Суықта аялдамада тұрып тонып қалмасын дейді. Ал Солтүстік облыстарда тіпті бастауыш сынып оқушылары онлайн-оқуға көшкен де болар мынадай ауа райында. Әлгінде ауылдан Алматыға қатынайтын автобуста келе жатырмыз. Автобус жол бойымен ақырын жүріп келеді. Бір жолаушы әйел:

– Тезірек жүрсеңізші, жұмыстан қалатын болдық қой, – деп ашу шақырды.


– Мен өз ауаныммен, өз уақытыммен келе жатырмын, бұдан артық жүре алмаймын, көріп тұрсыздар, жол тайғақ. Жол амандығы,

жолаушылардың амандығы керек, – деді жүргізуші.

Бір кезде автобус жүргізушісіне диспетчер қыз хабарласты. Дауысы бәрімізге естіліп тұр.

– Қайырлы күн! Алдыңызда келе жатқан «143» (автобус нөмірі болар) сынып қалды, қазір соңғы нүктеге жеткен кезде, кері қайта шығарсыз. Артыңыздан келе жатқан автобус та тоқтап қалды, – деді.

– Жақсы, қабылданды, – деді жүргізуші. – Өне, сіздер тез жүрмедің дейсіздер, таң атпай жатып екі автобусымыз сынып қалыпты жолда. Мына ауа райы оңай тимейін деп тұр қай-қайсысымызға да. Қар түнімен жауды.



Қауіп қайдан?

Кеше кешке телеарнадан жол-көлік мамандары сөйлеп жатыр екен. Құлақ түрдім. «Әлеуметтік желіде тарап жүр» деп бір видеоны көрермен назарына ұсынды. Онда республикалық маңызы бар үлкен жолда «ары қарай жүруге болмайды, жол жабық, қар басып қалған» деген үш полицейді тындамай, жолға шыққан ер адамдар «ей, итерме мені, жібер, өткіз бізді» деп қоқандап тұр. Ал қазір «ақыры онлайн оқудасың ғой» деп көліктеріне бала-шағасын салып алып жолға шығатындар да қауіпсіздікті ойламайды. «Таксистер де бір күнде екі-үш рейс жасап тастауымыз керек деп жанталасып, жол қауіпсіздігін ескермейді» деп шырылдап тұр маман. Ал ондайлардың темір тұлпарының дөңгелегі күре-жолда сырғанап, екінші көлікке соқтығысқанда барып өкініп жататынын күнделікті өмірде көріп жүрміз. Ақ қар, көк мұзда жолға шығып, бала-шағасымен бір отбасы түгел опат болып жатқан жағдайлар да аз емес.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Айналайын, азамат екен!

Өткенде «Алматы тазалық» мекемесінде жұмыс істеп, күндік нәпақасын тауып жүрген көше тазалаушы еңбек адамдарымен сөйлескенімде, жұмыстарының әсіресе қыс мезілінде ауыр болатынын айтып қалған-ды. Шынымен де, біз әлі жылы көрпенің астында ұйықтап жатқанда, олар таң қараңғылығынан тұрып, мынадай аязда қар күреп, жолға тұз, құм сеуіп жүреді. Біздің таңертең аман-есен жұмысқа, сабаққа жетуіміз үшін жағдай жасап жүргендер.

Айтпақшы, өткенде әлеуметтік желіде Алматының Арбатында сол маңнан өтіп бара жатқан жүргінші бір қазақ жігітінің қызғылт-сары жилет киген, қар күреп жатқан бір әйелдің қолындағы күрегін алып, қар күреп жүрген видеосы тарап, жүрегімізді бір толқытқаны барды. Айналайын-ай! Анасындай адамның белі бүгіліп мына суықта қар күреп жүргеніне жаны ауырып кеткен болар. Өлемді сондай мейірім, қайырым сынды биік қасиеттер ұстап тұр ғой негізі. Және де әйел-анаға деген құрмет қандай!